



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz



## «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар



Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті. Мемлекет басшысы, ең алдымен, биылғы Құрылтай отырысы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен және Ораза айымен орайлас келгенін айта келіп, үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес екенін атап өтті.

– Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси,

мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл

шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының пікірінше, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. – Алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет. Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Қаламгерлеріміз, тіпті, Шыңғыс ханның тегі кім деп, айтысып-тартысып жататын болды. Кенес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері

мен Кенес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының ақиқатына жету қиын, жеткеннің өзінде ел ішіне іріткі салатын мұндай дау-дамайдың еш қажеті жоқ. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті. Олар, яғни, сол заманның қайраткерлері бір кездері ұстанған бағытына бола дауласса, ендігі ұрпақ кімнің ісі дұрыс, кімдікі бұрыс деп даурығып жүр. Жалпы бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Түптеп келгенде, мұның

бәрі – біздің тарихымыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы ағартушылық деп санайды. Бұған қоса, кітапхана ісін өркендетуге бей-жай қарауға болмайтынын атап өтіп, көп ұзамай Алматы мен Астанада тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапханалар бой көтеретінін жеткізді.

2-бет

### ӨРКЕН

## Мерекедегі қоныстой



Амал мерекесі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентінде 134 отбасыға тұрғын үй кілтін табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Амал мерекесімен және алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтады.

3-бет

## ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ

### қандай көмек әкелді?

Жыл өткен сайын аймақтың экономикалық әлеуеті жақсарып, түрлі көрсеткіште көш бастап келеді. Мәселен, биыл облыс әлеуметтік-экономикалық даму және негізгі капиталға инвестиция тарту индексіне алғашқы орынға тұрақтаған. Мұның бәрі мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асуының нәтижесі екені сөзсіз. Оның ішінде бүгінгі тақырып – қайтарымсыз грант жобасы да Сыр экономикасының негізгі тармағына айналууда.

Ерсін ШАМШАДИН,  
«Сыр бойы»



8-бет

Ашық дереккөзден алынды



# «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар



Мемлекет басшысы болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет деп санайды. Оның пікірінше, Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған.

– Жошы әулеті 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал етті. Ұлан-ғайыр аумақта біртұтас өркениет құруға ұмтылды. Жошы ұлысы Ұлы даланы мекен еткен халықтардың сан гасырлық даму бағдарын айқындап отырды. Ұлық ұлыс мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да – осында. Биыл Жошы ұлысының негізгі қаланғанына 800 жыл толды. Бүгінгі

жиынымыз да осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп отыр.

Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттік дәстүрінде айрықша орын алады. Еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанның жеті томнан тұратын жаңа академиялық тарихын жазу жұмыстары жүйелі жүріп жатқанын хабарлады. Бұл іске 250 ғалым, соның ішінде 60 шетелдік маман атсалысып жатыр. Аталған еңбектің дербес бір томы Жошы ұлысына арналмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев бытыр Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланғанын еске салып, еліміздегі қайталанбас табиғи және тарихи ескерткіштерді кеңінен дәріптеуге

шақырды. Бұл ретте Президент жерасты мешіттерін және тылсым табиғатымен шетелдіктердің ерекше қызығушылығын туғызған Үстірт қорығын ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізбесіне енгізу жөнінде тапсырма берді.

Бұған қоса, Мемлекет басшысы Ешкіөлмес жотасындағы, Арпаөзен, Құлжабасы, Сауыскандық сайларындағы дала өркениетінің сан мың жылдық шежіресі саналатын таңбалы тастарды (петроглифтерді) қорғауға алу үшін тиісті шаралар қабылдауды, сондай-ақ жалпы тарихи-мәдени мұрамызды сақтау үшін археологиялық қызметті жүйелеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне айрықша тоқталды.

Президенттің пікірінше, еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, дәстүрлі дініміз – сунниттік бағыттағы ханафи мазһабына ден қоюымыз қажет. Бұл орайда Мемлекет басшысы Ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге айрықша назар аударған жөн деп санайды.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде қоғамды жайлаған бес кеселмен, атап айтқанда, есірткі саудасы және нашакорлықпен, лудоманиямен, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және агрессиямен, вандализммен, ысырапшылықпен бүкіл ел болып күресіп, тосқауыл қоюға шақырды.

Сонымен қатар Президент ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды. Олар – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керек. Президент ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтиды. Сонымен бірге бұл Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр.

– Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек. Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық құрылтайда жұртшылық атынан Парламент Мәжілісінің депутаты Еділ Жанбыршин, қоғам қайраткері Оразалы Сәбден, Парламент Сенатының депутаты, «Возрождение» қазақстандық немістер бірлестігі» қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Евгений Больгерг, адвокат, «Құқық қорғаушылар» қоғамдық қорының тең құрылтайшысы Айман Омарова, Парламент Мәжілісінің депутаты Никита Шаталов, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайда айтылған жаңа идеялар мен ұсыныстар мұқият қаралып, нақты шаралар қолға алынатынын жеткізді. Сонымен қатар Ұлттық Құрылтайдың төртінші отырысын келесі жылы Көкшетауда өткізуді ұсынды.

akorda.kz

## ПІКІР-ПАЙЫМ

### Елдік мүдде мінбері

Ұлттық Құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел ішінде ретсіз ескерткіш тұрғызу, әлеуметтік нысандарға, көшелерге ат беру мәселесіне тоқталды.

Әрине, ата-анасын әркім де құрметтейді, кейінгі ұрпаққа аты қалғанын қалайды. Туған жерге, елдің еңсесін тіктеуге күш-жігерін жұмсап, халық аузында қалған кісілердің жөні бөлек. Ал рулық, туыстық рәуіште бұрынғы өткен бабаларына ескерткіш тұрғызу, ерекше еңбегімен еленбесе де, оны асыра көрсетіп, көше сұрау дағдысының қоғамда орын алып отырғаны рас.

Бұл жөнінде ел Президенті былай деп атап өтті:

«Әрбір қазақ ата-бабасын құрметтейді, рухына тағзым етеді. Сондықтан шежіре біздің мәдени кодмыздың ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ біз тек қана осы түсініктен шектеліп қалмауымыз қажет. Ең бастысы, бұл мәселені ешқашан саясатпен араластыруға болмайды.

Соңғы кезде ата-бабасының, жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналып барады. Атасына ескерткіш қоюды, көшеге атын беруді өтінетіндер көбейді. Бұл – жағымсыз жағдай. Мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас

идеологиялық кеңістігіне зиян келтіреді. Ұрпақ тәрбиесіне кесірін тигізеді. Тіпті шетелде бізді көне заманға және кеңестік кезеңге қатысты монументтер қаптаған «Ескерткіштер елі» деп айтатын болды».

Сонымен бірге Президент адами құндылық, ниет, пейіл тазалығына да қатысты мағыналы тәзаларын ортаға салды. Қазақтың маркасқа жазушысы Әбіш Кекілбаевты мысалға келтіре отырып, атақты өнер тұлғасы Лия Жакановтың сол ортада отырғанына назар аударды.

Мұның өзі елдікті сақтап, күшті мемлекет болу жолында адамның рухани байлығы, өнегелі тұлғасының да маңызы бар дегенді білдіреді. Осындай алып тұлғалардың ұрпақ тәрбиесіне тигізер ықпалы орасан.

«Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды» деді Президент.

Жалпы қоғамдық институт ретінде қалыптасып үлгерген Ұлттық Құрылтай жұмысы еліміздің өсіп-өркендеуіне, идеологиямыздың беки тұсуына қызмет етіп келе жатыр.

Әріп ХОЖБАНОВ,  
облыстық қоғамдық  
кеңестің төрағасы

## Құрылтай құндылығы артып келеді

Елімізде үшінші рет Ұлттық құрылтай өтті. Келелі жиында қоғамдық бірігуді дамыту, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету және нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу мен енгізу, жұртшылық, саяси партиялар, үкіметтік емес сектор және мемлекеттік органдар өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету секілді міндеттері қойылды. «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» және «Әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму» тақырыптары бойынша секциялар жұмыс жасады. Осы әрбір аталған секциялар жалпы прогресс пен қауымдастықтың бірігуіне ықпал ететін маңызды салаларды қамтиды.

«Біз мықты демократиялық институттары және дамыған құқықтық жүйесі бар Әділетті мемлекет құрамыз. Ел ішінде заң мен тәртіп қатаң сақталады. Бұл – саясатымыздың тұғырлы қағидаты. Біз баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастырамыз. Адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлесін қосады» деді Президент.

Мемлекет басшысы елдің әлауқатын арттыратын, ашық әрі дамыған экономика құру жолында қазіргі қоғамда белен алған жемқорлыққа қарсы күрестің жалғасатынын айтты.

Бүгінде әлемдік деңгейдегі мәселе бойынша негізгі талқылаулар волонтерлік қызмет, адам құқықтарын қорғау және белсенді азаматтық ұстанымның маңыздылығын қамтып отыр. Мәдениет,

өнер және руханият мәселелері ұлттық мәдени мұра, көркемдік көрініс және рухани дәстүрлерді сақтау мен дамытуды көздейтіні анық. Бұл тұста өнердің қоғамдағы ролі, мәдени дипломатия, дәстүрлі колорен мен тәжірибені сақтау және мәдени әрауандылықты ұлтты біріктіру көзі ретінде насихаттау маңызы деп ойлаймыз. Осы орайда Президент алға қойып отырған мәдени құндылықтарға жаңаша көзқарас, оның ішінде кітапоқу мәдениетін қалыптастыру, салт-дәстүрімізге деген құрметті орнықтыру сияқты ойлары халық ішінде қолдау табары анық.

«Бізге және ұрпағымызға ешкім сырттан келіп жарқын болашақты жасап бермейді. Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу. Еліміз осы құндылықтарды әркім ұстана отырып, даму көзжиегін сөзсіз кеңейте түспек. Ал әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетеді» деді Мемлекет басшысы.

Келелі жиын барысында жұмыс жасаған әр секция ұлт алдында тұрған негізгі міндеттер мен мүмкіндіктерді шешуде маңызды рөл атқарады және Ұлттық құрылтай барысында жалғасқан диалог пен ұсыныстар әлеуметтік бірлік пен ұлттық прогреске жәрдемдесетін саяси қимылдар мен бастамаларды дамытуға көмектесе алады деп ойлаймыз.

Мұрат НАСИМОВ,  
саяси ғылымдарының  
кандидаты,  
қауымдастырылған  
профессор



# Мерекедегі қоныстой

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деп атап өткен болатын. Халықты баспанамен қамту еліміз үшін негізгі басымдықтың бірі десек, өңірде бұл бағытта тындырымды тіріліктер атқарылуда. Өткен жылы аймақта 4108 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді, 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Халықты тұрмыс жағдайының жақсаруы, жайлы өмір сүруінің кепілі болып саналатын баспанамен қамту жұмыстары биыл да қарқынды жүруде. Бюджет қаражаты есебінен 14,3 млрд теңгеге 1890 пәтерлік 70 тұрғын үй салынады. Оның 16-сы жеті қабатты болады. Жыл басында Тасбөгет кентінде 38 отбасы баспаналы болса, бүгін міне, өздеріңіздің қатысуларыңызбен 134 отбасы қоныс тойын тойлайды. Бұл – мемлекеттің тұрғындарды қолдауының нақты көрінісі, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, көпқабатты тұрғын үйді «СК Дәнекер» ЖШС салды, баспана әлеуметтік жағынан осал отбасыларға берілді.

Рәсімде көпбалалы ана Феруза Әжанова қоныстой иелері атынан қуанышын жеткізіп, еңбек ардагері Төлеш Әлиев ақ батасын арнады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды.

Бүгінде Қызылорда қаласы мен елді мекендердің келбетіне көрік қосатын әлеуметтік нысандар құрылысы қарқын алған. Сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400

1-бет



орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 10 мектеп ел игілігіне табысталады, тағы

11-нің құрылысы басталады. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», Жаңақорған, Шиели аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» салынады. Өткен

жылы «Отбасы орталығы» және «Анаға тағзым» орталығы өз қызметін бастады. Жакында 1000 орындық «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылса, сол жағалаудан жаңа өлкетану музейі бой көтереді.

Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Жаңа «Қан орталығы» Медицина қызметкерлері күні қарсаңында пайдалануға берілмек.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірде жалпы құны 11 млрд теңгені құрайтын 27 нысан салу көзделген. Өткен жылы елді мекендерде 15 дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталып, қазір 30 мыңнан астам халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде.

Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес «Орталық стадион» (20,9 млрд теңге) және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені (6,8 млрд теңге) ел игілігіне табысталады. Жакын күндері заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты пайдалануға беріледі.

Инвесторлар қолдауымен 37 млрд 600 млн теңгенің жобалары іске асуда. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынуда. Жоба құны – 20 млрд теңге, жаңа терминал осы жылы пайдалануға беріледі. «ГазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы қарқын алды. «Саутс Ойл» компаниясы 650 орындық музыкалық колледж ғимаратының құрылысын бастады.

Биыл 7 ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін, құны 11,5 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары салынуда. «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірге «Үстел теннисі орталығының» құрылысы жүргізілуде.

## ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

### Жастарды жат ағым ықпалынан сақтау керек

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия отырысы өтті.

Облыстық полиция департаментінің бастығы Махсұдхан Аблазимов кәсіпкерлер мен жастардың экстремизм және терроризм идеологиясының ықпалына түсу қаупінің алдын алу, террористік тұрғындар осал объектілерді бекітілген салалық нұсқаулық талаптарына сәйкестендіру туралы баяндалды.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Дінмұхамед Ермеков Байқоңыр кешені аумағында (қазакстандық азаматтар арасында) дін экстремизм мен терроризм профилактикасын ұйымдастыруда мемлекеттік мекемелер атқарған жұмыстарға тоқталды.

Жиында көтерілген мәселелер бойынша облыс әкімі жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді. Облыстық білім, дін істері, қоғамдық даму басқармаларына, Қызылорда қаласы және аудандар әкімдеріне кәсіпкерлер мен жастар арасындағы профилактиканы жандандыруды тапсырды. Облыстық дін істері басқармасы бекітілген алгоритмге сәйкес жұмыс барысын қатаң бақылауда ұстауы қажет. Мұнан бөлек, облыстық білім басқармасына оқушыларды жат дін ағымдардан сақтандыру міндеті жүктелді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

## Төтеншеліктерге техника табысталды

Кеше Қызылорда қаласындағы «Тағзым» алаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен төтенше жағдайлар департаментіне арнайы құтқару техникалары табысталды.

– Кейінгі жылдары Сыр өңірінде игі бастамалар жүзеге асып, аймағымыз қарқынды даму жолына түсті. Экономиканың барлық негізгі көрсеткішінде өсім бар. Облысымыз алғашқы екі айдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші бойынша өңірлер арасында алғашқы орыннан көрінді. Аймақ бюджеті 650 млрд теңге болып бекітілді. Бұл ауқымды қаражат алғашқы кезекте өзекті мәселелерді шешуге, жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталуда. Өңірде барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық берілуде.

Қоғамдық көліктің мәселесін түбегейлі шешу үшін 300 мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 техника, ветеринария саласының мамандарына 30, құқық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік алынды. Өңірдің коммуналдық саласына да басымдық беріліп, 42 техника тұрғындар игілігіне қызмет ету үшін табысталды, – деді облыс әкімі көпшілік алдында.

Сондай-ақ «Үлгілі елді мекен»



облыстық байқауы жеңімпаздарына күнделікті ел тұрмысына ең қажетті деген заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілді. Биыл облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес өңірдегі барлық елді мекендегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік алу жоспарда бар.

– 2022 жылы төтенше жағдайлар департаментіне облыстық бюджеттен жалпы сомасы 54,3 млн теңгеге Арал ауданы Қамыстыбас елді мекенінде орналасқан тез құрастырмалы модульді құтқару станциясы пайдалануға берілді. Былтыр 40-тан астам арнайы құрылғылар алынды. Сол жағалаудан заманауи үлгідегі нысандар құрылысы жүргізілуде. Олардың қатарында автовокзал, көп қабатты тұрғын үйлер, Орталық стадион, жаңа теннис орталығы, физика-математика мектеп-интернаты, «Оқушылар сарайы», музыкалық

колледж, жаңа өлкетану музейі, көпбейінді аурухана, «Қан орталығы» секілді зәулім ғимараттар бар. Бұл нысандар өрт қауіпсіздігін талап етеді. Алдағы уақытта Сырдария өзенінің сол жағалауына өрт сөндіру депосын, ал Арал ауданындағы Сексеуіл кентіне тез құрастырмалы өрт сөндіру депосын салу көзделуде. Енді, міне облыстық бюджеттен құны 1 млрд 900 млн теңгеге Арал және республикалық бюджеттен құны 266 млн теңгеге 3 бірлік негізгі өрт сөндіру техникалары табысталауда, – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиын барысында сала ардагері Қорғанбек Қайруллаев тілектестігін білдірді. Төтенше жағдайлар қызметінде үздік қызметімен көзге түскен бір топ мамандар лайықты сый-құрметке ие болды.

«СБ» ақпарат



### Қарызсыз қоғам: 250 азамат курстан өтті

«AMANAT» партиясының жыл бойына жоспарланған «Қарызсыз қоғам» жобасы аясындағы оқу семинарының бесінші аптасы қорытындыланды.

Бұл аптада Қызылорда қаласы мен Жалағаш, Сырдария, Шиели және Жаңақорған аудандарына қарасты елді мекендерден 250 азамат қаржылық сауаттылығын арттырды. Бүгінгі күнге облыста 1043 азамат білімін жетілдіріп отыр. Партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйла Торешова Қызылорда қаласында білім алған жоба түлектерімен пікірлесіп, сертификат табыстады.

### Су жағдайы назарда

«AMANAT» партиясы жанындағы республикалық партиялық бақылау

## АПТА АҒЫМЫНДА

комитетінің отырысы өтіп, еліміз бойынша көктемгі су тасқыны жағдайына облыстардағы барлық гидротехникалық құрылыстардың соның ішінде су қоймасы, су бөгеттері, қорғаныс бөгеттері, су торабтарының дайындығы пысықталды.

Отырысқа бейнеконференция байланысы арқылы партияның облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары А.Жарылқасынов, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Н.Бақытбекұлы сонымен қатар жұмылдыру дайындығы басқармасы мен төтенше жағдайлар департаментінің басшылары қатысты.

### Тағылымды кездесу

Қазақ әдебиетіне өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат алып келген көрнекті жазушы Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай партияның облыстық филиалы жанындағы «Жастар рухы» ЖҚ белсенділері іс-шара ұйымдастырды.

«Кітап-Аманат» орталығында «Балалар әдебиетінің көкжиегі» тақырыбында педагогика ғылымдарының докторы, балалар ақыны Рахат Наурызбаева және Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Каршыға Есімсейітовамен кездесу өтті.

Онда жиналғандар балаға бағыт-бағдар беру, кітап оқуға баулу, балалар әдебиетін дамыту, кітап пен баспа нарығы жөнінде пікір алмасты.

### Асханалардың жай-күйі зерделенді

Партияның Жалағаш аудандық филиалының төрағасы Әмірзақ Елеусінов бастаған арнайы жұмысшы топ білім ордаларындағы асханалардың жұмысына зерделеу жүргізді.

Ондағы мақсат – асханалардың санитарлық тазалығы, тағамдардың орналасуы және белгіленген мөлшеріне сәйкес берілуі, тыйым салынған тағам

түрлерінің сатылымына жол бермеу, қауіпсіздік ережесін сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

### Жеке қабылдау өткізді

Партия алаңында жеке қабылдау өтті.

Онда облыстық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшесі Алмас Рахметов, Еңбек, әлеуметтік қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Төре-ахмет Жолымбетов, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің басшысы Ерлеген Мендалиев, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқаков, «Құқықтық көмек» партиялық жоба аясында Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының заң кеңесшісі Айгүл Шегірова, Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев азаматтарды толғандырған мәселелерге құлақ түрді.

Қабылдау барысында түрлі бағытта 38 өтініш түссе, олардың 15-і оң шешілді. 8 өтініш қарауға алынып, 15-і бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

### Уақыт пен сапа бақылауда болады

Партияның қалалық филиалы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері сол жағалаудағы 100 келушіге арналған 300 төсектік көпбейінді аурухананың құрылысына мониторинг жүргізді.

Медициналық нысан құрылысы 2023 жылы бастау алды, 2025 жылдың соңында аяқталады деп жоспарланған. Биылға құрылыс жұмыстарын жүргізуге 3,2 миллиард теңге бөлініп отыр. Ал жобаны толық аяқтауға 35 572 млн теңге қаржы қаралған. Құрылыс жұмыстарын «Sheberbild» ЖШС жүргізуде. Мониторинг барысында комиссия мүшелері уақыт пен сапа және қаржының мақсатты жұмсалып партия бақылауында болатынын атап өтті.





## 15 НАУРЫЗ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# Жақсы істің жаңғырығы

Биыл Наурыз мерекесін тойлау он күнге созылады. Әр күн символикалық мән мен ұлттық таным шеңберінде насихатталып, ұрпақ сабақтастығын орнатуға басымдық берілмек. Сондықтан қазақстандықтар Наурызнаманың алғашқы күнін Аман мерекесімен қарсы алса, 15 наурызды мейірім мезіретіне айналдырды. Қайырымдылық күні қарсаңында жақсылық пен татулыққа арналған шаралар жүзеге асып, ел мерейін көтерді.

Сыр өңірінде Қайырымдылық күні ерекше өтті. Наурыз мейрамын тойлаудың жаңартылған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында облыс орталығындағы С.Әлжіков атындағы №144 мектепте «Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы ұйымдастырылды. «Қазақстан халқына» қорының мұрындық болуымен іске асқан шаралар сырбойылық шәкірттерге демалыс серти-

фикаттары табысталды. Ұйымдастырушылардың сөзінше, сертификат 20 мың оқушының жазғы каникул кезінде зияткерлік және шығармашылық демалуына мүмкіндік береді. Бұл қайырымдылық жоба оқуда үздік көрсеткішке ие және мектептің қоғамдық өміріне белсене қатысқан орта сынып оқушыларына бағытталған. Өткен жылы аталған жоба аясында аймақтағы 600 ауыл

оқушысына квота бөлініп, балалар 26 жазғы лагерьде екі апталық демалыс өткізген болатын. Биыл квота саны 1430-ға дейін артып отыр.

«Жаздық жолдама» жобасы ауылдық жердегі балалар мен жасөспірімдерді қолдауға арналған. Аталған қадам оқушы бойындағы отансүйгіштік қасиетті нығайтып, коммуникация мен көпмәдениетті ортаға бейімдеуге бағытталған. Сондай-ақ балалар лагерьде өмірлік қажетті дағдыларды игеріп, кәсіптік бағдарлаудың элементін үйренетін болады.

Айта кетейік, Қайырымдылық күні қарсаңында облыс көлемінде 21 игі ұйымдастырылды. Атап айтқанда, әлеуметтік осал топтағы 3000-ға жуық отбасыға азық-түлік тарату, «Ардагерлерді ардақтайық!» атты тазалық

жұмысы, «Жақсылық жолымен» тақырыбында мерекелік демалыс өткізген болатын. Биыл квота саны 1430-ға дейін артып отыр.

Ұлы даланың ерек құндылығы бірлік, жанашырлық, жәрдемде жатыр. Наурыз мейрамына орайластырылған Қайырымдылық күнінде сырбойылық өскелең буынның қуанышқа кенелуі жан жадыраталды. Жақсы істің жаңғырығы барын ескерсек, қайырымның қарымы мен қайтарымы – өскелең ұрпаққа тәуелді деген сөз. Бүгінгі қадам – жақсылықты насихаттаудың төте жолы, мейірімді дәнетін егу амалы.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

## 16 НАУРЫЗ – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ

# Үзілмеген алтын арқау

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат-пайымының мөлшері. Бай да бірегей қазақ мәдениетінің дамудың даңғыл жолына түсуі дана халқымыздың «Өнер – ұлттың жаны» деген ұстанымына ұласса керек. Өркениетті ұлт алдымен тарихымен, мәдениетімен маңызға ие болады. Наурызнама онкүндігінде 16 наурыздың мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні аталуында мән бар.

Дина БӨКЕБАЙ,  
«Сыр бойы»

Жалпы түркі халықтары мерекені өздерінің тарихи дәуір талабына сай атап өткен, сонымен қатар жеке ұлттық ерекшеліктеріне қарай бейімдеген. Мерекені атап өтудегі ғұрыптық ерекшеліктер дәстүрлі шаруашылықпен, наным-сенімдер жүйесімен тығыз байланысты.

Қазақтың Наурызды тойлау мәдениеті жайлы жазған Ақселеу Сейдімбекұлы «Қазақ әлемі» атты зерттеу еңбегінде «...жастар ауылдағы нұқта көрмеген ең асау тайыншаны ұстап, ең ескі ашамайды салып, ашамай үстіне ең ескі киім-кешек пен құрым киізден жасалған қуыршақ орнатып, тайыншаның құйрығына ескі шелек байлайды да: «Ұлыс та атып қалды, бар, елге хабар бер!» деп шабына шыбық жүгіртіп, сауырға бір салып қоя береді. Асау тайынша өкіріп-бақырып жөнеледі. Ит үреді, қотандағы мал үркеді, үй-үйден шал-шауқан ербиіп шығады, жастар мээ-мейрам болысады...» деп жазады.

Мәдениеттанушы Серік Ергали Наурыздығы символика – жеті дән, жеті өң, жеті үн деген үш сипат туралы: «Жеті дән дегені – наурызқожеге қосылатын же-

ті түрлі ас. Жеті өң – жеті бояу, ақ пен қарадан басқа кемпірқосақтағы түстердің дәріптелуі. Мәселен, үнділер Наурызды бояу мерекесі дейді. Былай қарағанда олар Наурыздың бір сипатын тойлайды. Әдетте, Наурызда құрақ көрпе, текемет, сырмақты сыртқа шығаратыны – жеті бояуды дәріптеуі, паш етуі. Жеті үн – жетіген аспабы. Әр ішегін қосып, күй тартқанда, жан бусанған» дейді. Қазақта шуағын шашып шыққан күннің көзін алғашқылардың бірі болып көруді жақсылыққа балаған. Жаратқанға жалбарынып, кіріп келе жатқан жылдың құтты жыл болуын дұға-тілектеріне арқау етсе, қыз-кедей кіріп келе жатқан жылдың құтты жыл болуын дұға-тілектеріне арқау етсе, қыз-кедей бойы жыр оқып, алтыбақан тебісіп, ауылдың алты ауызын айтып, күліп-ойнап таң атқыған.

Халық жадында қаншама заманнан бері сақталып, әлі күнге дейін желісін үзбеген «Тілеу көже», «Сүйінші сұрау», «Балаға ат қою», «Бесікке салу», «Жақсының орнына аунату», «Тұсауқесер», «Ашамайға мінгізу», «Қызды оң босағаға отырғызу», «Бұрымын өру», «Беташар» сынды ғұрыптардан



қазақтың баладай көңілі мен даладай дарқандығы көрінеді. Ұлттық салт-дәстүр күнінің атап көрсетілуіндегі басты мақсат та қазақтың дүниетанымы, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпы мен жөн-жоралғы, наным-сенімін, халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, ұлттық ұстанымын насихаттау болса керек. Әдет-ғұрып, салтымызды бүгінгі заманауи бағытта түпнұсқаға сай мән-мазмұны, шығу тарихы, дамыту жолдарын саралап, қайта жаңғырған бай қазынамызға айналдыру күнделігіміз арттырамыз сөзсіз.

Мәселен, «Көрісу» дәстүрін естімеген қазақ жоқ. Дегенмен батысқа тән деп, жатысынып жүргендері қаншама?! Көрісу амалы қыстың қаһарынан аман шыққан адамзаттың бір-бірімен қауышып, сүйіншілесіп, жаңа күннің жаңа жыл мен жаңа айдың бастау алғанына білдірген қуаныш сезімінен туындаған.

Бастаңғы дәстүрі бойын-

ша, жастар үлкендері жоқ үйде жиналып, дастарқан басында ән-жырмен айтысып, қалжыңдасып өздерінше тойлайды. Жыл бастағалы дүниетанымы, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпы мен жөн-жоралғы, наным-сенімін, халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, ұлттық ұстанымын насихаттау болса керек. Әдет-ғұрып, салтымызды бүгінгі заманауи бағытта түпнұсқаға сай мән-мазмұны, шығу тарихы, дамыту жолдарын саралап, қайта жаңғырған бай қазынамызға айналдыру күнделігіміз арттырамыз сөзсіз.



Ұлыстың ұлы күні – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР		
ҚАЛАҒА ҚАРАСТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ҚАЛМАҒАШ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	10:00	Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне арналған мәдени-көпшілік іс-шара
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ, ТАРАЗ КӨШЕСІ ҚАЛМАҒАШ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	18:00	«АРМЫСЫН, ӨЗ НАУРЫЗ» АТТЫ МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АРАЛ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	--	ШЕТ ЕЛДЕРДЕ БІЛІМ АЛЫП ЖАТҚАН МЕКТЕП ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БЕЙНЕҚҰТТЫҚТАУЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖАРИЯЛАУ
ЖЕРГІЛІКТІ БАҚ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАР ҚАЛМАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	--	ШЕТ ЕЛДЕРДЕ БІЛІМ АЛЫП ЖАТҚАН МЕКТЕП ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БЕЙНЕҚҰТТЫҚТАУЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖАРИЯЛАУ

Ұлыстың ұлы күні – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР		
АУДАНҒА ҚАРАСТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ҚАЛМАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	10:00	«БЕРЕКЕ БАСЫ – ӨЗ НАУРЫЗ» АТТЫ ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ, МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА, ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН САЙЫС
БАРЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	10:00	«НАУРЫЗ – БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ» АТТЫ МУЗЕЙ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ БҮЙІМДАРЫ КӨРМЕСІ
ОРДАКЕНТ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	11:00	ҚАЗАҚ ФИЛЬМ КИНОСТУДИЯСЫ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ

Ұлыстың ұлы күні – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР		
ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЛАҒА ҚАЛМАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	--	«АРМЫСЫН, ӨЗ НАУРЫЗ» АТТЫ ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ, МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ
КЕНТ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ҚАЛМАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	18:00	МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТТЕР МЕН ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМДАР
ЖЫРАУЛАР ҮЙІ ҚАЛМАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	17:00	«ҚОШ КЕЛДІ, ӨЗ НАУРЫЗ» МЕРЕКЕЛІК ШАРА
АУДАНДЫҚ КІТАПХАНА ҚАЛМАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМДІГІ	16:00	«НҮР СЕБЕЛЕ – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ» ТАҚЫРЫБЫНДА МЕРЕКЕЛІК КЕШ

## 18 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ



Фотос: Аишәк Әбішев

Қазақтың ұлттық киімі – қазақ мәдениетінің ажырамас атрибуты. Бұрын ата-бабаларымыз ұлттық киім арқылы жанындағы адамдардың мәртебесін, дәулетін, тіпті шамамен жасын да аңғара алған.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы»

Ұлттық киімнің өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың кейбірі бұрынғы заманнан сақталып, тек қана кішігірім өзгерістерге ұшыраса, ал кейбіреулері, өкінішке қарай, мүлде сақталмаған. Халқымызда ішкі, сыртқы, сулық, біркіер, сәндік және кейбірінде салтанат-ғұрып киімдері болған. Біркіер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиындарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған. Киімге мән беріп, қымбат бағалағаны да байқалады.

Қазақ қызының ұлттық киіміне қатысты небір сөз маржандары мен әндер бұ-

гінге дейін жеткен. Мәселен, «Қыз Жібек» жырында «Орамалы тұрады бес жүз жорға» демей ме? – Боз үйден бір қыз көрдім көзі күлген, Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген. Сол қыздың сұлулығын мен айтпайын, Үстіне дүрия бешпент, шайдан көйлек, – деп толғайды «Ой көк» деген халық әнінде.

– Ақ көйлек, қызыл бешпент, әдемі қыз, Тиген жоқ әлі ешкімге әдемі-ау әлегіміз, – дейді «Әдемі қызда».

Ер адамдардың киімінің өзі бірнешеге бөлінді. Мәселен, ішкі киімдеріне көйлек, дамбал, желет, көзекей кірсе, сырт киімдеріне шапан, күпі, кеудеше, тоң, шидем,

# Ақ көйлек,

сулық киімдеріне шекпен, қаптал шапан, кебенек кенеп кіреді. Ал қазақ әйелдерінің ұлттық киімі, негізінен, көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, көзекей, кебіс-мәсі, көкірекшеден тұрады. Әшекей, ажар жағынан төрт топқа арналып тігілді. Олар – қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен бәйбішелердің киімдері. Қыз киімдері кеуделері тар, қынамалы, жаға, жең, кеудесі, өңірі кестелі, әшекейлі келсе, жас ұлғайған сайын неғұрлым етекті, кең, мол қаусырмалы бола түседі.

Киім мәуітінен, жүн және жібек матадан, киізден, аң терісінен көшпелі өмір салтына және табиғат жағдайына сәйкес тігілді. Қазақтар қуланның, ақбөкеннің, жолбарыстың, жанаттың, бұлғынның, сусардың, ақ тышқанның терілерін ерекше қымбат бағалаған. Себебі, бұл аң терілерінен тондар тігілді. Астарына құнды аң терісі салынған тон ішкі деп аталды. Осы аң терісіне сәйкес бұлғын ішкі, жанат ішкі, қасқыр ішкі, күзен ішкі болып бөлінді. Ішкітердің сыртын шұға, мәуіті, үш топ барқыт, атлас, көк берен, манат, қырмызы, торғын,



17 НАУРЫЗ – ШАҢЫРАҚ



# Киемнің сенсің несі, Қарашаңырақ!

Биылғы өз Наурызды тойлаудың жаңа тұжырымдасына сай 17 наурыз «Шаңырақ күні» болып белгіленген. Осы күні барлық жерде отбасылық құндылықтарды дәріптеп, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған түрлі мәдени шаралар өтеді.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
«Сыр бойы»**

Шаңыраққа ерекше мән беру ұрпақты ұлттық рухымызды қастерлеуге үйрету деп білеміз. Өйткені, «шаңырақ» аясына отаншылдық, бауырмалдық, татулық, ырыс-ынтымақ секілді құндылықтар сыйып тұр.

Бүгінгі жастар «шаңырақ» дегенде тек киіз үйдің шаңырағын немесе Елтаңбада бейнеленген шаңырақты ғана елестетугі мүмкін. Жастарымыз үшін бұл киелі ұғымды терең түсіну астарында елге, ұлтқа, ата-анаға деген құрмет көрсету тәрбиесі жатыр.

Шаңырақ – елдің екінші атауы. «Қазағымның шаңырағы биік болсын» деген тілектің төркіні – осы.

Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек» поэмасында:

«Қара таудың басынан көш келеді,  
Қара жорға шайқалып көшке ереді.  
Қара күнді жамылып кара қазақ,  
Қара түнді басынан кешкен еді.  
Қара қайғы көрсетпей ештенеңі,  
Қара жауы қанатын кескен еді.  
Шылғау болып қыздардың кестелері,  
Талай қарашаңырақ өшкен еді...», – дейтін жыр жолдары бар. Осы әдебиетті «сталай ошақ» немесе «сталай отбасы» түрінде айтуға болмас па еді? Болады, онда да біз ақтабан шұбырындының оқиғасын түсінеміз. Бірақ ақын ол сөздерді әлсіз санап отыр. «Шаңырақ» сөзі – қуатты, күнделі. Бұл атау бізге бүкіл ел бейнесін береді.

«Үй» – жеке заттың атауы, кейде ол үй-іші деген мәнде ғана өзгереді. Қазақ үйге қатысты сөзді шаңыраққа теліп айтқанда ғана мал-жан, бала-шағаның түгел қамтылатынын жақсы біледі. Сондықтан да: «Бұл ауылдың

шаңырағы қанша екен?» деп сұрайды. «Шаңырағыңа шаттық шашылсын» деп тілейді.

Ақыры, алыс мағынаға бейім сөйлеп отырмыз, енді «шаңырақ» сөзінің шығу тегіне де жанаса кетейік.

Әрбір сөздің, әрбір атаудың түп төркіні бар. Атаулар бүгінгі біз айтып жүрген қалпында пайда бола салған жоқ. Олардың өн бойында он мыңдаған жылдың теңі мен ізі жатыр.

«Шаңырақ» сөзінің бірінші буыны «шан» – көне түркі тілі сөздігінде «таң шапағы» деген мағынаны білдіреді екен. Егер «шан» сөзі «шапақ», «жарық» мағынасын берсе, онда ол «шам» сөзімен де тым жақын. Қазақта «шам жапырады» дейді, бұл – күннің ұясына батар сәтіндегі көріністі бейнелейтін сөз, яғни, күн шапағы жоғалып бара жатыр деген түсінік.

Олай болса «шаңырақ» бізге күн сәулесін түсіретін киелі мүлік екен. Сондықтан да оның ұғымы қымбат, оны тек бір үйге теліп, аясын тартылмайтын да сонан. Ал «ырақ» ше, енді мұны талдап, этимология ғылымына ойысып отырмай-ақ қояйық. Біздің айтпағымыз – киелі шаңырақтың ұлттық идеологиядағы орны. Айтпақшы, «шаңырақ» лексемасына «киелі», «қара» «алтын» деген санауды тіркестері ғана тән. Екі сөзді әдемі эпитет делік, ал, «қарасы» несі? «Қара» – ескі, ертеден, бағзыдан бергі деген мағына береді: «қара аспан», «қара жер», «қара өлең», «қара шаңырақ»...

Қазақ мәдениетінде шаңырақтың орны дара, сонымен бірге қадір-қасиетін арттырып тұрған мазмұны өте терең.

Шаңырақ пішіні күннің бейнесі секілді шенбер болып келеді. Ал ұықтары шаңырақ жатқан алтын шапақ емес пе? Қазақтың киіз үйінің өзі аспаны мән-мағынаға ие. «Шаңыраққа кайда» дейді қазақ. Ұрыспайды, тілдемейді, оспадарды осы бір ауыз сөзбен тәубесіне түсіреді. Кейде мен дәл осындай этнографиялық философия басқа ұлттарда жоқ шығар деймін, қайдам, өзім де басқа тілді білмеймін ғой, бәлкім бар шығар, бірақ қазақтай болу қайда?..

Қазіргі кезде бір үйде тұрғанның өзінде ұлымыз бір бөлмеде, қызымыз

бір бөлмеде, өзіміз бір бөлмедеміз. Ал ертеде қазақ отбасы бір шаңырақ астында өмір сүрген. Тек жаңа үйленген баласы мен жас келіннің ғана оңаша отауға шығарған. Бір шаңырақ астынан шыққан балалардан жерін қорғайтын батыр да, елін сүйген ақын да шықты. Себебі, бала бойына мейірім-ізгілік, сүйіспеншілік, ержүректілік секілді қасиеттер жақын соққан жүректерден ғана дариды.

Ақын Ұлықбек Есдәулетовтің «Бұрышқа тұр» дейтін өлеңі бар. Сонда әжесі баласын бұзықтығы үшін үйдің бұрышына тұрғызып қоятын бір оқиғаны айта келіп, мынадай байлам жасайды:

«Осы бала бұрышты жек көреді,  
Осы бала бұрышқа кектенеді.  
Анасына кей күні: «Өскенде мен,  
бұрышсыз үй тұрғызам» деп келеді.  
Сол тентекке жанымның  
кошы келген,  
Мен болсам еркелігін  
кешіре ме ем?

Шіркін, оның бабасы бақытты ғой,  
Бұрышы жоқ үйлерде өсіп-өнген».

Біз мұнан тек тентек баланың оқиғасын ғана біліп қоймаймыз. Мұнан қазақ балаларының бір шаңырақ астында тұрып, дөңгелек үйдің ішінде еркін аунап-қунап ержеткенін елестетеміз.

Енді сол дөңгелек қараша үйіміз қайда?

Біздің бала күнімізде ауыл жайлауға шығып, қараша үйлерін тігіп, тамаша дәурен өтіп жататын. Кейін жайлау жайына қалды, қараша үйі есіктің алдына тігілетін болды. Ал әжемнің кайтқан соң ешқайсымыз шаңырақ көтеріп, уық шанымымайтын болдық. Мынау менің сол кезде жазған өлеңім:

– Киізін күн қақтырсын  
жаны аши кім,

Әжем жоқ, болмағасын сұрама түк,  
Құрымын құрт жеген қараша үйдің,  
Отырмын сүйегіне Құран оқып...

Енді бүгін «шаңырақ» ұғымын қастерлеуге арналған «Шаңырақ күні» белгіленгенде жүрегімізге жыл-жылы шуақ құйылғандай қуі кештік.

Бұл тұжырымдаманың, ең алдымен, жаңа ұрпақ санасына ұлт құндылығын сіңіретіні анық.

# ҚЫЗЫЛ БЕШПЕНТ...

ләмбек сияқты бағалы маталармен тастаған. Ішіктер кейде әдепті, оқалы, шет-шеті жұрыналған қайырма жағалы болып тігілген.

**Қазақ халқының ұлттық киімдерінің тағы бір ерекшелігі – этникалық, климаттық жағдайлар ескеріліп, ежелгі дәстүрлер бойынша тігілгені. Мәселен, Сыр өңірі қазақтарының киім жүйесіндегі аймақтық ерекшеліктері әңірдің табиғат жағдайымен тығыз байланысты болды. Қыстың аңызақ жел, боранды болуына орай бас киімнен ерлер қыстық тымақ пен құлақшынды кесе, әйелдер көкебайды кең қолданған. Сырт киімнен шапан, шекпен, күртеше, күгі киген.**

Сонымен қатар қазақ халқының ұлттық киімдерінде ру-тайпалық ерек-

шеліктері де көрініс тапты. Әсіресе ол көбіне бас киім мен шапаннан байқалады. Мысалы, 8 сай уақ тымақ, 3 құлақты керей тымақ, қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, қыпшақ тымақ, сырмалаған 6 сай найман тымақ, 4 сай жатқан тобықты тымағы болған. Аймақ ерекшелігіне қарай Жетісу, Арқа, қоңырат үлгісіндегі тымақтар деген атауларға бөлінді. Шапандар да дәл солай. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз шапаны болып ерекшеленді. Олардың өзіне тән айырмашылықтары болды. Айталық, Ұлы жүз қазақтарының шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жеңдері ұзын, әшекейлі келсе, Орта жүз тұрғындарының шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырсуыз, сирек қабылып, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ оймалы немесе түймелі болған. Ал Кіші жүздің шапандары шалғайлы, жеңдері ұзын және кең, жүн тартқан, бидайлаған қалың қайырма жағалы болып тігілген.

Ұлттық бас киімдердің де түр-түрі болды. Ерлер арасында шыт, кепеш (құстандай, қолжесте, бізжесте түрлері бар), үшкүлдір, жекей, жапетер, такия (зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа, т.б.), құлақшын, бөрік,

жалбағай, қалпақ, құлақты тымақ, құлапара, қырпу (іштік бөрік) бас киімдері кең тараса, әйелдер жағы сәукеле, бөкебай, қарқара, кимешек, күндік, желек, шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар), бүркеніш, бергек, қасаба, такия, шылауыш, жаулық тартты.

Қазақ халқының ұлттық киімдерінің ішінде аяқкиім, соның ішінде етікпен биік өкше, жарма қоныш, тіремелі, көк-суыр, саптама, жұмсақ табан, үшкіл тұмсық, шоңқайма түрлері қымбатқа түскен. Сонымен бірге сырма киіз, ішетік, мәсі, шоқай түрлері кең таралған.

Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де қолданыста. Бүгінгі күні заманауи нақышта көрініс тауып, жаңа демге ие болып, сән әлемінде өзіндік орын алууда. Қалай десек те, қазақы киімнің барша сұмбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ұлтымыздың өзгешелігі мен өзіне тән ерекшеліктері мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден сыр шертіп тұрғандай.

**Наурыз** УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

БАРЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУТТЕРДЕ (СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:00	«НАУРЫЗ – БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІ БASTAУЫ» ATTY МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА
СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ	--	ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНІҢ ТАНЫМАЛ ТҰЛғАЛАРДЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫН ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРГЕ ЖАРИЯЛАУ
БАРЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУТТЕРДЕ (ШЕЛІ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	11:00	КОНЦЕРТТЕР, ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРлерінен БҰҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАР, ШАРАЛАР
ОРДАКЕНТ ЖАСТАР ЖАМААТҒА АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ	--	«НАУРЫЗ – БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІ БASTAУЫ» ATTY МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА

21.03 2024

**Наурыз** УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

ТАРАЗ КӨШЕСІ (НЕПЗІ ІС-ШАРА) ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА	10:00	«ӨЗ НАУРЫЗ БЕРЕКЕНІҢ – АҚ БЕСІГІ» ATTY МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА
СОЛ ЖАҒАЛАУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА	10:00	УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА
АРЕАТ БОЙЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА	11:00	УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА
ТАҒЫМ АЛАҢЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА	--	УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА

22.03 2024

**Наурыз** УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

М. ЕРАЛИЕВА АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА	10:00	УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА
ТАСБӨГЕТ КЕНТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА	10:00	УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА
ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (АРАТ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:00	ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК КОНЦЕРТ
ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (АРАТ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:30	ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРлерінен ЖАРЫС (АСЫҚ АТУ, АРҚАН ТАРТУ, ҚАЗАҚ КҮРЕСІ, ПИРАТТЫҢ НӨТЕРІ ЖӘНЕ ҚОҒАМ КҮРЕСІ)

22.03 2024

**Наурыз** УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (КАЗАЛЫ АУДАНЫ ӨЗІНДЕГІ)	--	«НАУРЫЗ СТИЛІМЕН БЕЗЕНДІРІЛГЕН ЕҢ ӨДЕМІ ҒИМАРАТ» БАЙҚАУЫ
ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (КАЗАЛЫ АУДАНЫ ӨЗІНДЕГІ)	--	«ҮЗДІК КӨШЕ НАУРЫЗЫ» ATTY КӨШЕ ТҮРҒЫНДАРЫ БАЙҚАУЫ
ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (КАЗАЛЫ АУДАНЫ ӨЗІНДЕГІ)	--	«НАУРЫЗ НАҚЫШЫМЕН БЕЗЕНДІРІЛГЕН ЕҢ ТАРТЫМДЫ ҮЙ» БАЙҚАУЫ
ЖОСАЛТЫ КЕНТІ, ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (ҚАРАҒАДИ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:00	«АРМЫСЫҢ ӨЗ НАУРЫЗ» ATTY МЕРЕКЕЛІК ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ КОНЦЕРТІ

22.03 2024

**Наурыз** УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (АРАТ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	16:00	«ҮЗДІК КӨШЕ НАУРЫЗЫ» ATTY ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА ҮЗДІК НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТОЙЛАҒАН КӨШЕ ТҮРҒЫНДАРЫ БАЙҚАУЫ
ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (КАЗАЛЫ АУДАНЫ ӨЗІНДЕГІ)	10:00	«НАУРЫЗ – ҚҰТ, БЕРЕКЕ БASTAУЫ!» МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ШАРА, МЕРЕКЕЛІК ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ, КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА, ҰЛТТЫҚ СПОРТ САЙЫСТАРЫ
ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (КАЗАЛЫ АУДАНЫ ӨЗІНДЕГІ)	--	ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРлері мен ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫН НАСИХАТТАУҒА АРНАЛҒАН КӨРІНІСТЕР

22.03 2024

**Наурыз** УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ САҒАТ (СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:00	«УЛЫ КҮНІ – ҰЛЫ КҮНІ» ATTY ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ, КОНЦЕРТТІК, ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАМА
АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ (СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	--	ӨТІРКІ АЙТЫС ШЕБЕРІ, ЖЕРЛЕСІМІЗ, Э.И. БАДУЛЛАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУҒЫНА ОРАЙ «ЗАМАНЫҢ ЗАҒАРЫ – ЗАМЕТДИН» ATTY РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ
ИМАНЖҮСІП ҚҰПТАНҒЫЛЫ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ СТАДИОН (ШЕЛІ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:00	22 НАУРЫЗ – «ЖЫЛ БАСЫ» КҮНІНЕ ОРАЙ «НАУРЫЗ, ҚАЗАҚСТАН ЖАНАРЫСЫНДАҒЫ ТҰРАҒЫНДА ATTY БҰҚАРАЛЫҚ ІС – ШАРА ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ, КОНЦЕРТ, МЕРЕКЕЛІК ЖӘРМӨНГЕЛЕР»
PRIME PARK ДЕМАЛЫС САҒАҒЫ (ЖАМААТҒА АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	11:00	«АРМЫСЫҢ ӨЗ НАУРЫЗ» ATTY МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ШАРА
	20:00	МЕРЕКЕЛІК КЕШКІЛІК КОНЦЕРТ

22.03 2024

**Наурыз** УЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

ЖАЛАҒАШ КЕНТІ ТАҒЫМ АЛЛЕЯСЫ (ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:00	ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ КӨРІНІС, БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН АСЫҚ ОЙНАУ, БЕС ТАС, АРҚАН ТАРТУСЫ, Т.Б.) САЙЫС
ЖАЛАҒАШ КЕНТІ ТАҒЫМ АЛЛЕЯСЫ (ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:00	«ЖЕТІ ҚАЗЫНА», «ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР», «ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР» КӨРМЕСІН
ЖАЛАҒАШ КЕНТІ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ (ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:30	ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫН ТҮРлерінен ЖАРЫСТАР (АРҚАН ТАРТУ, ҚОҒАМ КҮРЕСІ, АВТОКөБІЛІК ТАРТУ, ТАС КӨТЕРУ, ПИРАТТЫҢ НӨТЕРІ, Т.Б.)
ЖАЛАҒАШ КЕНТІ ТАҒЫМ АЛЛЕЯСЫ (ҚАРАҒАДИ АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ)	10:30	ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ КӨРІНІС, БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН АСЫҚ ОЙНАУ, БЕС ТАС, АРҚАН ТАРТУСЫ, Т.Б.) САЙЫС

22.03 2024



Жарыса шулап қара жолды шашаңдапты, «Үшағаштан» төмен қарай зауладық. Төменде, сол қанатта шалқар теңіз бұрылмасына қоймай могоман ғана тербеліс жасайды. Шағала ойыны табигаттың төл сыйлығы іспеті. Ортақ қуанышты қуаттаған күн көзі шуағын мейірілене төгіп тұр.

Екініңеген бойы баяғы Сайлаубай құлайтын «Ақжарға» жетіп бір-ақ демалды. Бұл тұстың жыра-жықпылы мол. Құдды әлдене іздеуге шақырып тұра-тындай. Жиенейдің биік жардан теңізге секіріп көрсететін моряқтық өнеріне бәріміз тәттіміз. Түр-түсі, тіпті қара қоңыр бұйра шашы да африкалықтарға біртабан болса да жақындатып, оны ауылдың басқа балаларынан әр уақыт бөлектеп тұрады.

Ертелі күн көзінде жүріп, басымыз мен-зең болған. Тіп-тіке сұлдырылып түсуге құлқымыз болмай, жардың еңістеу жағынан жағалауға шықтық. Жиенейде көп сөз жоқ.

Бұйра толқыға бір-ақ ырғып қойып кетеді. Сәлден соң жайындай жоталанып, су бетіне шыға бастайды. Әсіресе, одан әрі құлашың жазып ту-у тереңдегі шағалалар ойының жақыннан қызықтайтын тамаша. Қазір де Жиенейден көз алмай, жағалауда қаз-қатар жатыр едік. Тайыздың суы жылы болады.

Бір кезде Әлібектің: – «Ватутин» келе жатыр, балалар! – деген қуанышты хабары бәрімізді орыммыздан көтеріп ақтetti. Токтайтын бағытына қарап теңіз суын кеше жүгіре жөнелдік. Әдетте, кеме болсын, қайық болсын қарамай қайнататын тұсқа зәкір тастайды.

Үшан төрінде толқындарды қақ жарып, қос капиталың қашырта жүзіп «Ватутин» кемесі көрінді. Осы кемеге байланысты ішінара таласымыз да болған. Мұныңмен ығы да әртiстер келеді. Қуанатынымыздың себебі сонда, әйтпесе анау пошта таситын «Попов» деген кемеге бұлай құрақ ұша ұмтыла қоймаймыз.

Алыста көрінген алып кеме біз асыққанмен, жағаға жақындаған сайын жүрісін баяулата түседі. Рас, сонау көз ұшындағы кемең қайсы екенін бірден анықтау оңай емес. Сөйтсе де «Ватутинді» танудың қарапайым сырын ешкімге құлак тосып, ауыз-ауыртпай-ақ таптық. Қанотаның үстінде ағараңдаған бір заттың қашан да өзгермей, сол томпаған күйінде қала беретіні таласымызға арқау бола кетті. Әркім ойына келгенін айтады.

– Моряқтардың арқаны шығар, – Қайдан арқан болсын, өйтсе дөп-дөнгелек болып жатпай ма? – Тап осың итке ұқсайды!

Көксеу болып, бір мәмілеге тоқтай алмаймыз. Сөйтсек, әлгі ағараңдан көңілмізді алаң етіп, алжастырыған нәрсесі күшкі те, арқан да емес, әйгілі генерал Ватутиннің мүсіні екен ғой. Кемеге жақын жүзіп барып, Кеңес пен Жиеней анықтап келді. Бұны оларға моторист Мүшкең айтпашы.

Біздің ауылдың киноменеханігі Тәкен мен осы жігіттің басқадан бейнети бөлек. Мығым денелі Мүшкең шашы ширатылып диэжиктің тұтқасын аяғыммен бір тепкенде-ақ түрліге басады. Тәкен біресе «Осы карбюратордан құрылдым» деп шланғанмен май сорып, біресе свечаның жарқылдап бөлек калып жатады. Әсіресе, шланғадан ауызбен бензин тартқаны қызық. Көзі аударылып, ұзын мойнын бір іе жұтқышағын қалай қимылдатынына дейін байқалады. Анау ауылдағы жалғыз дырлықтың иесі Ермек те бүйітіп әлектенбейді.

Осыныңалық борша тер болып жатқанда, сол Тәкеннің беліні тақыр таяуға сияқты. Бұл жолы Мүшкең ауылда дырлық барын еске алып, өзінің шлопкаға салмапты. Демек, Тәкенге тағы зобалан туды дей бер. Әй, өзі де кішене болғанмен шымырдың шамдамдысы. Әртіс қыздар мен зінгітті жігіттерді балағын түріп алып, жиекке біртіндеп аркалап тасығанда, үй деген дыбыс шығарар ма екен? Жетілі жүкті аударғандай жай ғана лықсытып, арқасындағы тірі салмақты топ етіп аударса салады да:

– Жонел, қуыршағым! – дейді.

Ауданда әртiстер аз ба, болмаса балықшыларға тек осылар ғана ойын көрсетуі керек пе, ығы да көз үйренген өнерпаздар келеді. Өнебір қобыз тартатын қылқи мойын, қалқан құлағы домбыраны өлтіре тартады. Сірә, ән айтпайтын болу керек. Беті «Қызмешекке» жасырынған батар күннің шапағындай алаулайды да жүреді. Арақшкібіреу ме деп ойлағанбыз. Сөйтсек, шікісі сары адамдар күн көзінде тез тұтанатын шырпыдай нәзік келеді екен ғой.

Аяғын сүйретіп басытыны қушықештің нақ өзі. Көзі батпайықырап, бұйра шашын бір сілкі:

– Армысындар ағайын, Өн шырқауға біз дайын.

Жан-жағма қарайын, Қол созуға кім қайым?! – деп сүнқылдай жөнеледі. Көңіл көтеруге келген жұрт қолын аясын ба, шатырлатып-патыр-латып алаканға алақанды ұра жөнеледі.

Жуантық келген мұрттысы қасын арлы-берлі қиғаштап қозғалтып, бір күлдірелі. Соған келіп саптың алдына шығарылған соқпақ тәрізді қакқан қызқайт қата қалады. – Шырқайтын әнім – «Шіркін-ай», тыңдаушысы – Сідзер-ай! – дегенде езуіңді жия алмайсың.

Осылардан жұқты ма, біздің де көрерменсіз-ақ тәмамдалған сүзсіз қойылыммыз болды. Еске түссе есің күлкі енгелей кетеді. Көрші «Тасарал» колхозының орталығындағы бастауыш мектепті таусқан балалар одан әрі оқуын жалғастыру үшін Сексеуіл станасына, Аралға, не біздің ауылға келеді. Туған-туыс жағалағандар болмаса, көпшілігі осындағы интернатта жатып оқиды. Әлі Сайлаубай, Жаналық деген балалар көп жатырмай, өзімізбен тез араласып, бірден-ақ бауырмалдық танытты. Жаналық кеуеміз көбіне айырбас жасаймыз. Мен кітап, қаламағ, ол асыққа шурып.

Соңғы кездері шырпының қорабы сыр-тындағы суретті қағазды жинауға бәріміз жұмыла кірісіп кеткенбіз. Айтұшылардың сөзіне сенсек, бес жүзін жинаған адамға велосипед берілетін көрінеді. Үйді дүкеннен әкелінген шырпыларға жаудай тілеу жалғыз менің басымда емес, әрине. Әжемнің орамағла түіп әкелген заттарын жан-жаққа шашып, шырпы біткенін сыртқы қағазын жұрдай қыламын. Кейде ұсаққа Аманбек дүкеншіден таңдап тұрып шырпы аламын. Әжем «бұл шіркінге не болған, аяғыңда бір тұтам қағазын да сыпырып алады. Әйтеуір, күкірті ылғал болмаса болар», – дейді де қояды. Басқа үйлерде де осы тектес реніштен асқан оғаш сөз көтерілмеген болуы керек.

Иә, әлгі Жаналық жайын айтқышы. Кешілік солардың болмесе де жиналып, сабакқа дайындалуына көмектесеміз. Жалыққан кезде кітаптан оқыған қызықты жайлар әңгімеленбей қаламайтыны белгілі. Суреттен ығы да бес алатын Жаналық акварельмен әлденелерді салып жүретін.

«Қазір еліміздегі мектеп кітапханаларында 130 миллионнан астам кітап бар. Бірақ ондағы көркем әдебиеттің үлесі мардымсыз. Шын мәнінде, кітап оқытын ел зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек. Бұл қиын мәселе екенін түсінеміз. Әсіресе, олардың бар назары әлеуметтік желіде болған кезде, тіпті қиын. Бірақ бұл мәселемен айналысу керек. Басқа жол жоқ. Сондықтан «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды тапсырамын. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін және жанрларын қамтитын арнайы тізім жасалуға тиіс. Сол тізімдегі кітаптар барлық балаға қолжетімді болуы керек.»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінен.

Жаңабай КЕМАЛ



Сонысы терезенің алдында жатыр екен. Ойыма әлдеқалай қай кітаптан оқығаным есімде жоқ, Джим деген негр орала кетті. Жанақтың дүрлік ерні, тығыз өскен қап-қара шашы, әсіресе, ақсқан тістері табанда тамаша ойға қанат бітірді. Өзі былайынша қайсы қараның қайталанбас үлгісіндей.

– Жаналық, ренжімесең, бір қызық істелік. Джим деген негрге ұқсатып бетіңді босақ қайттеді? Жұрт қыран-топан күлмесе көр де тұр.

– Жарайды, Жәкен, бойы бер. Бетімді аяп, керемет күлкіден айрылмайық. Жүзіп тастаймын ғой.

Қалған балалар сандарын сабалал, мен бозуды суга езе бастағаннан күлкіге қамшыны басты. Саусағыммен қара бозуды Жана-лықтың бетіне сүйкеген сайын шікылдаған ба, барқылдаған ба, күлкі зуені білме ішін кернеп барады. Абат пен Әлібектің даусы басқалардан басымдық шығалды.

Бояп болып өзім де танғалдым. Құдды негр, кітаптағы Джим қолын сөзіп қарсы алдымда тұрғандай. Кебе бастаған бояу бетін тырыстырып, Жанақтың өзі зорға қымияды. Енді басқа бөлмелідегі балаларды таңыратпақ болып, есіктен шыға бергенімде, алдымыздан Тәрібеші Кеңжетай ағай қарсы ұшыраса кетті. Капеліміде не істерімді білмей сөзіп қалдық.

– Өй, мыналарын немене? Сендер неғып жүрсіңдер мұнда? Басың төмен тұрғырған күні Жаналық теріс айналды. Біз жай ғана мінгір еттік.

– Сабакқа дайындалуға келіп едік...

– Е, осылы ақсаңдар қатырады екенсіңдер. Мына Қалдановқа не болған? Кеңжетай ағай Жаналыққа жақындап:

– Өй, бермен қарашы өзін? Амансың ба? – деді таңырқап. Жаналық болса, көз қиығымен «бастаған сен ғой, бірден айтаңсың» дегендей маған бұрылды. Керуееттің басын сипалап, сол орыннан қозғалмады.

– Ағай, Джим қылайын деп мен бопп едім. Өзі келісті, – дедім мүлөйімін. Тәрібеші ашуланарын, не күлерін білмеді. Бар болғаны:

– Өй, Джим болмай кетіңдер, Джим болмағырлар! – деп бізді тырқыратып қуып

Біздің ауылды аталарымыздың «Жалаңаш» деп атап кеткендеріне қалай ой жіберіп қарасам да тиянақты жауап таппай қиналам. Рас, маңайда итсигек пен адырсаппаннан өзге мөңтті шөп өспейді. Айналасы тап-тақыр, тек қоныстануға қолайлы екендігіне қарап малжанды үлкендер сүренсіз атауды бере салған, шамасы. Қайткенде де ескі атау жаңашыл ауылға мін бола алмайды. Бертін келе «Бірлестік» колхозы болып аталған. Сонда да үйренген ауыз қалпына барады да тұрады.

шықты. Абаттың көктен іздегені жерден табылып, мәре-сәре күлкінің астында қалды. Қол қылжақты сүйемейтін Әлібек те өзін ұстай алмай, ха-ха-ны үдеткен. «Ватутин» келген сайын, әсіресе, осы екеуі Джим жайын көбірек еске салады.

\*\*\*

Былғы жаздың таманысын ойын өлкесінен іздеген біздер күз лебі жақындаған сайын әлдебір тиімді іс табуға құмаррттық. Бұл бір қарапайым жаз емес, көктемінде ғарышқа адам ұшқан және жана ақша шығарылған қызықты маусым ғой. Гагарин туралы газеттен оқып, радиодан тыңдадық. Мен әкем қолдан істеген шафактың үстіңгі жағына тұңғыш космонавтын суретін, өмірбаяны жазылған газет қиыңдыларын жапсырып қойдым. Әжем әлізсіз туралы: – Қарағым-ау, әкенің, әженің, ағаның суреті емес, ана кісің кім болды? Осы үйге сүгірет қадалмай кетпес. Мына танымайтын біреуді жапсырғаны қалай? – дейді.

– Әже, бұл ту-у аспанның алыс түсіріне ұшқан адам ғой. Көзді ашып-жұмғанша бүкіл дүние жүзін аралап шығатын алып ракетамен ұшқан!

– Қудайым-ай, сактай гөр өзін?! Апырмау, жаны қандай сірі еді?! Ол түгiлi жырықпенгенге шөп артып мінгенде жүрегіміз лоблып отыра алмаймыз ғой біз. Аты кім бұл батырдың?

– Юрий Гагарин деген ұшқыш! Оны қазір қосмонавт дейді.

– Е-е, кім болса да бақытты болсын. Қоспанабыңның суретін қосмағай-ақ қой онда. Әйтеуір тегін адам емес екен.

Әжем Гагариннің сүйкімді тұлғасын жете танып аламын дегендей газет бетін сипалап қойды. Сәлден соң орамалының шетімен көзін сүртпін деп.

– Әжағи жанымың ең болмаса осындай сүгіреті де қалмады-ау. Ай, қу соғыс қайтейін, қайтейін? – деп майданнан

оралмаған сүйікті ұлын аңсай көз жасын төгіп-төгіп алды. Әлдеқашан сүйегі қурап қалған Гитлерді жеті атасынан бері қарай сыпырта сыбап, іштей мен де қуяйнем.

Жана ақшаның да әсері аз болған майдангер отбасына асыраушысы жоқтарға берілетін шағын жәрдемнен там-тұмдап жинаған ескі ақшасы бес жүз сом, жаңа есеппен елу сом ғана. Ал табыс табатын адамдары бар не малы көп үйлерден отыз мыңға, жаңамен үш мыңға дейін ақша шықты. Соларды санап көріпсіз бе, жұрттан естігеніміз ғой.

Біздің ауылды аталарымыздың «Жалаңаш» деп атап кеткендеріне қалай ой жіберіп қарасам да тиянақты жауап таппай қиналам. Рас, маңайда итсигек пен адырсаппаннан өзге мөңтті шөп өспейді. Айналасы тап-тақыр, тек қоныстануға қолайлы екендігіне қарап малжанды үлкендер сүренсіз атауды бере салған, шамасы. Қайткенде де ескі атау жаңашыл ауылға мін бола алмайды. Бертін келе «Бірлестік» колхозы болып аталған. Сонда да үйренген ауыз қалпына барады да тұрады.

Мен көбіне достарыммен жер жайы, аталу төркіні жөнінде аңыз отын маздаға жөнелем. Абат кенет тын құпияның шетін шығарды.

– Шайбас атам айтқан бір әңгіме көптен бері ойландып жүр еді. Анау «Үшағаштан» арғы өзек тұсындағы «Қарабұталға» біз әлі барған жоқпыз ғой. Атамның айтуынша, Қаратай деген кісі сол жерге жайыны талдарды отырғызып, кішігірім қажасапты. Өле-өлгенше сол өзі өсірген талдары маңайында тұрып, мал бағып, балық аулаған көрінеді. Сол жаққа саяхатқа шықсақ қайттеді?

– Мәссаған, тамыздың алғашқы күні қалай-қалай сый тартады?! Шынында,

«Қарабұталдың» қайта екенін қолды шойшайтып, жобалап сілтемесе, әлі күнге ол жаққа аяқ ізін салмағанымыз рас. Абат пікірін бәріміз бірауыздан қоштап, қолың құшырлана қыстық.

Алдымыздан мөлдір бастау ашылғандай мазасыздыққа ұшырадық. Кеңес алақанын бір-біріне ысқылап жіберіп, байламын тез айтты.

– Тамаша! Мен де сол тал жайлы еміс-еміс естігем. Таң алпақымен аттанамыз. Бірталай бөгелерміз, айран, нандарынды ала жүргендерің жақсы. Қарамай қайнататын жердегі төңкерілген қайық қалдыра кездесеміз.

Қайтар жолда әдейі Тәни ағайдың үйі түсымен өттік. Шахмат ойнауға әуестігі унады. Былайша, тілін безеп келекенің кетпеген соғатынын өзі. Бізге еңбектен сабақ берелі. Үйрететін ештенесі жоқ, қызы-уақы болып жапатармағай кесте тігеміз. Грузин шайының босаған темір қалбырына жіптің нешеме түрін толтырып, ине мен оймаққа дейін салып аламыз. Торлап тіту жөніне келгенде қыздардан озып кететін балалар да шығады. Соның бірі – Абат. Балалардың ішінде лақап ат іемденбегені кемде-кем шығар. Біз құсаған аласа бойлыларды алдымен мұқаталды.

– Өй, тәуелетке, болайшы сүмірей-меі! – сияқты болып келеті алулайды.

– Қаспайдың қарулығы осы, – дегені Қуатты құсағаны.

– Мына шібінді пәлесін кара, – деген танданы Абатқа жолданалы.

– Өй, көккөзін қалай-қалай сілтейді! – деп Әлібекті бір ықтырып алады. Анда-сонда риза болғандығын «Өй, қасқа!» тәрізді одағайлаған білеміз.

Енді сол тәуелетке, шібі, көккөз, қаспайларының ертендері бастамақ жайсын ісін естігенде қайтер екен? Қалайда, табысты іспен таңырқатсақ,

лақап аттан құтылсақ деген дәме бәрімізді құлшындырып тұр.

Әлдеқандай қиял бөктерінде мектеп керектігі мен мұндайды. Ертен балалармен «Қарабұталға» барған соң, осы ойды басқасы қозғамаса өзін айтпақпын. Мектеп маңайы тап-тақыр, шамалы жауын жауса айналасы қактанып қалады. Бұндай жерге жабайысы түгел, нағыз қошет талдың шығу-шықпауы неғайбыл. Сонда да мектеп ауласынан жасыл бүршік іісі аңқып тұрғанын кім қаламайды?! Ұстаздарға да, барша ауыл балаларына да керемет сыйлық болар еді-ау. Тек өсіре білу жайын игерсек... «Токта, токта, әлгі пошта таситын Қазыбек шалдың шарбағындағы талдар қайдан әкеліп отырғызылған? Осы бөтен жұрт көгерте алмай жатқанда, оның талдары шатырмен бой жарыстырады. Бір білсе сол шалың айтар тәктен. Ейдеше...».

Белгісіз мақал бойында әбден ой жетегіне ілесіп кеткен екенмін. Ұшық қиял тәтті ұйқысын аямапты. Түндегі Кеңеске берген үзеде болмаса, тал түске дейін рахаттанып ұйықтаса да теріс болмасты.

Таңғы леп жүзінде жігер алауын маздапқандай. Тек жалаңақ шықпаның сыйпаы елесті ысырып әкетеді. Мүл-мұздай қиырлық құмға табанын тиген сайын іші-бауырыңды ызғар тілі аралап кете барады. Анадайдан беттері бозамықтанып, Абат пен Әлібек те көрінді. Кеңес бізді күтіп тұр екен. Жалғыз емес, қасында Жиеней. Бір кезде дүкен тұсындағы төбешіктер арасынан Қуат та көрінді.

Сонымен желдей есіп, «Ақжардың» астын қуалай жүріп «Қарабұталға» беттеп келеміз. Шімізде бұл маңайға алғаш қанындаған жалғыз Жиеней. Жол бойғы әңгіме сондықтан да Жиеней үлесінде. Құлағамыз оның қоңыр үніне әбден үйреніп болды. Даусында аздап манқалық табы байқалатын Жиенейдің бар сөзі әу дегенде түсінікті жете қоймайтын.

– Әйтеш атам айтады. «Қарабұталда» тіпті жеміс беретін ағаштар да өскенге ұқсайды. Жиде ме, шие ме, әйтеуір шөл басарға таптырмаушы еді дейтін. Сексендегі кісінің есінде бәрі тұра бер ме? Егер атам айтқандай жеміске тап болсақ, а, балалар?!

– Тәтті болса, нанға қосып соғып аламыз ғой, – деп қосқалта кетті Абат. Аз-мүз әңгімен «Қарабұталға» да жеттік.

Теніз жасыннан елу-алпыс кадамдай едәуір алаңқайды айнала жабайы талдар өсіпті. Құдды біреу әдейі соққан қорған секілді. Төңіректе малға шүйгін майса шөптер – ізен, еркек, бидайық шоқтала біткен. Тік жарлауыттың нуға толы жыра-жықпылы мал тұғын түспегенін аңғартады. Біз қайбір диқан тіліне үйір баламыз. Дәулет деген ағайымыздың қағазға салған суретінде жасыл түспен боялатын шы-бырқар сияқты емес. Өзі былайынша жың-ғыл мен дүзгінге ұқсайды екен. Дүзгіннен түйеге мурындық, тіпті қамшысап жасау – қызықты шаруа. Жасыл жапырақтарды қолымызбен етеп сипалай, ніскеп те жатырмыз. Қуаттың пұшық танауы жапырақтардан көрінбей кетті. Шамалыдан кейін әрқайсымызға қызыл талдың түбінде біразырақ панауауға тура келді. Кәдуілгі ақ жауынның астында қалдық.

– Шелектеп құйды-ау, – деп нәлығын Кеңес әдеттегіден тыс шешімге басты. Балалар, мына жауын жуық арада тоқтай қоймас. Бәрібір үсті-басымыз малмандай су болады. Онан да талдың жапырақтары үстіне қойлестерімізді жайып тастайық. Әрі жапыраққа жайлы, бізге де керегі осы емес пе? Сөйтті де өз алдымен үстіндегі қызыл шыт көйлегін шешіп алып, жапырақтарды жауыннан бүркеді. Қалғанымыз да солай еттік.

Демнің арасында оп-онай шатыр орнаттық. Жауын ойланып тұрғанына қарай ма, жүнін жұлған құстай бүрісіп бірталай отырдық. Ықтасынның аз да болса сексі тиді. Ақ жауын да аңқылақ адам сияқты, бәзім, ағыл-тегіл алғысын жаудырған анадай-ау. Басылуы да шалт.

Күн көзіне келтіріне жүріп ой қоспай қалғанымыз жоқ. Төрелікті Кеңес қорықты.

– Ауыл сыртындағы асыл сырларға аттап басапай, үйқушық болып сайда шапқылаған талай күндер өтіп кетті. Мал үркітіп, дүк-дүк ойнағаннан басқа жұрт сүйсінерлік түк істемегізі ғой, достарым. Кеңес сөзінің басты осылай үлкендік атынан төте бастады.

– Біздер сегізіншіге көштік, жарын

Аралға бет түзейміз. Сендер алтыншы кластың партасына отырсындар. Шамалы да болса есейгендік пе, менің ойыма бұдан былай мектебімізге, ауылымызға қолдан келген жасқалығмызды қосуға тырысайық. Ойын соның ортасында болсын.

Неге екені белгісіз орнымыздан дүр көтеріліп, Кеңестің жанында шоғырлана қалдық.

– Жарайсың, Кеңес! Жалаңашты жасыл желекке бөлейміз!

Қауқылдасып жүргендер арасында Жиенейдің даусы басымдық шығады.

– Бұл қызыл талды әуелі мектептің айналасына отырғызамыз.

– Жарайды, сонда ол талды қалай екпексіз? – деп Әлібек бір бүйірден араласты.

Кеңес те, Жиеней де үнсіз қалды. Қуат, Әлібек, Абаттың да назары төмен. Есіме Қазыбек шал орала кетті.

– Әлгі поштаны шал Қазыбек бар ғой. Соның қорасындағы үш түп тал әп-әдемі боп өсті. Аралдан әкелінгенін білемін. Сол кісіден сұрап көрсең ше? Ақылын аямас.

Кәпелімде дәріменсіздіктен алып шыққан маған бәрі антарыла қарайды. Кеңес бір мырсе етті де:

– Бәріміз де білгендерден сұрастыра-йық. Ал әзірге осы аймақта өскен барлық талдың түбін қосытып, айналасын қосық-қықымдардан тазартайық. Содан соң әрқайсысын таңбалаймыз, – деді.

– Шаппамен кертпін белгі саламыз ба? – деп қалды Әлібек құлып алғандай.

– Жоқ, бормен белгілейміз. Шүберекке нөмір жазып, түптеріне байлаймыз. Әркім өзінің шүберегі байланған талға қамқорлық жасайды.

Жиеней жөткірініп бағаналдан бірден айтқысы келіп отырған. Оның сөзі бәрімізді елең еткізді.

Осы қызыл талдың бойшаңнан, жуанынан қырық алып, қорасының төбесіне қамыс құсатып салып жүргендер бар ауылда. Соларға жол бермеуіміз керек.

Кеңес те үрдіс көтеріліп: – Ол кім өзі айтты, қорасының төбесін бүгін-ақ тап-таза қылайық, – деп тентек ойға ойыса берді.

– Сәрсен деген аушы өткен жетіде қайыпкен бір арқасан әкелді. Қорам жаятын қамысты шығын қылғанша, тегін талдың несін аяймын деп көкіп отырған. Содан көріп басқасы балталай бастаса, «Қарабұталын» құрылды дей бер, – деді Жиеней ызаланып. Енді бүгін түнде Сәрсеннің қорасындағы шауып алынған қызыл талдардың бүртпағы да қалмайтыны белгілі болды. Кеңес зорлыққа көңбітін бала. Басқамыз да пайдақұмарлыққа қырын қарайтынбыз.

Сәті келген істің сәні де керемет. Әр жаққа тарап, бақ ішін тазартып болғаннан кейін айналасын қоршауға қайым зат іздеуге шықтық. Бір бағтымыз «Үшағаштан» қайтса, екіншілеріміз өзекті шарладық. Бір емес, бірнеше қатынап, мышындауға тура келді. Машинаның балоны, тақтайшалар, темір-теректің тұрелі, тіпті консерві қал





## АУДАРМАДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН

### ҚАЙТСЕК ДҰРЫСТАЙМЫЗ?

Атқаратын жұмысымыздың негізгі бөлігі аударма жасаудан тұратын болған соң, нормативтік-құқықтық актілерден бастап, қоғамдық-саяси, түрлі әлеуметтік салаға қатысы бар ақпараттық мәтіндерді, публицистикалық мақалаларды, ресми іс-қағаздарын аударуға тура келіп жатады. Сонымен қатар аударылған мәтінді тексеріп, түпнұсқамен салыстыру, редакциялау секілді жұмыстар да қатар жүріп жатады.

Әдетте, аударуды бастамас бұрын, ең алдымен түпнұсқадағы мәтіннің құрылымына, мазмұнына үйіліп, жазу стилін анықтап аламыз. Жалпы, бізде заң шығару, экономика, компьютерлік технология, іс-қағаздары тілдерінің әлі де орыс тілінен аударма нұсқасы қолданылып жүргені жасырын емес. Оның себебі де әрде жатыр. Құжат атаулы 2000 жылдарға дейін тек орыс тілінде жазылып, оның ішінде құқықтық-нормативтік актілер орыс тілінен қазақ тіліне аударылып келді. Бұдан бізде қандай да бір құжатты ә дегеннен қазақ тілінде жазатын қай салада болмасын маман, қазақ тілінде іс жүргізушінің жеткілікті болмағаны немесе тіпті болмағаны, осыдан келіп белгілі бір жүйенің, тәжірибенің қалыптаспағаны көрініп қалады. Осы сарын, осы сұрлеудің сорабымен іс-қағаздарын, ресми құжаттарды, тіпті саяси-ақпараттық мәтінді де орыс тілінен сөзбе-сөз аударып, тұрған орнына сол күйінде жайғастыру әлі де сақталып отыр.

Аударма жасау барысында мәтінді сол аударма тілді тұтынушылардың дүниетанымына бейімдеу – аудармашыға қойылатын талап. Ендеше қазақша құрастырылған мәтіннің қазақы дүниетанымына орайластырылуы аксиома болу керек қой. Алайда көп жағдайда мөтін құрастырушы бар ойын орыс грамматикасының қалыбына салады да, салдарынан ұлттық сөйлеу нормасына жат, қабылдауға ауыр сөйлемдермен құрастырылған мәтін шығады. Сөзіміздің өн бойында тілге тиек еткелі отырған мысалдар – белгілі бір сөз тіркесінің, сөйлемнің, түрлі фразеологизмдердің бір тілден екінші тілге аударылған дәл көшірмесі, басқаша айтқанда түпнұсқа нысанының екінші тілде сөзбе-сөз қайталануын беретін калька аудармалар. Нақтылай айтқанда, қазіргі қазақ мәтіндеріндегі калька әдісімен жасалған аудармалардан байқалатындай, бұл – өңі қазақ тілі қазақ, бірақ ойлау жүйесі қазақ тілінің қазығына байланбағандардың өнімі. Өзге тілге еліктеп «сөз арасын былғап» жүргендерден қазақ түсінбейтін қазақша мәтіндер дүниеге келеді.

Өңгіме ауаны аударуға келгенде отырған ері ауып кете беретін өзіміздің қазақ тілінің шала-жансар күйіне бұрайық. Өңгімені жарнамадағы қазақша мәтіннен бастасақ, ондағы еркетотай баланың шалдыр-шатпағы секілді мәтінді, сөз тіркесін оқығанда «бір қайнауы кем болып тұр екен» дейсіз. Дәлелініз бар ма дейсіздер ғой, осы өзіміздің халық жиі баратын «Каспий банкіні» жұртшылықтың несие алуға шақырған кезекті жарнамалық хабарландыруында «С платежными каникулами» мәтінін ондағы

«с» шылауынан ұзамай «Төлем каникулымен» және тағы бір нұсқасы «Төлем демалысымен» деп сөзбе-сөз аударған. Осыны «Төлем – үзіліспен» немесе «Төлемдегі демалыс» мағынасының айналасында аударса дұрыс болар еді. Осы сарында бірдеңе айтқысы кеп тұрған келесі бір жарнамаға құлақ түрейік. «Қол бейнесін іздейміз қолданбаның жарнамасы үшін. Жеңімпазға 1500 000 тт құрайтын келісімшарт». Мәтін қазақша, құрастырып отырған – қазақ. Не айтқысы келгенін автор гана түсінбесе, басқамыз үшін ол жарнама – «Ашылмаған арал».

Ал енді аударғанда мың бір атау, жүз бір теңеу болып түрлене түсетін ас мәзірінің жайы күлдіреді де, қыңжылтады да. Тағы да қолда бар деректер сөйлесін. Қаламыздағы бір тамақтану орнының ас мәзірінде ұй жағдайында да жасай беретін «Сельдь под шубой» салатын орыс тілінен «Пальто астындағы майшабақ» деп аударған. Жолыңыз түсіп сол кафеге барғанда қолыңызға ұстатқан ас мәзірінен осы «...майшабақты» оқысаңыз, қазақ тілінің қалай қазақыланып жатқанын түсінбей дәл боласыз. Күлдіре отырып күйдіретін осы тектес мәтіндерді, сөз тіркестерін, атауларды көріп, аудармадағы тәжірибенің аздығынан болды-ау деп қолыңнан аласың.

Ал енді қазақша ойлап, қазақша жазатын кеңсе қызметкерлерінің авторлығымен құрастырылған қызметтік хат, хабарландыру, есеп мәтіндегі мөтін шығады. Сөзіміздің өн бойында тілге тиек еткелі отырған мысалдар – белгілі бір сөз тіркесінің, сөйлемнің, түрлі фразеологизмдердің бір тілден екінші тілге аударылған дәл көшірмесі, басқаша айтқанда түпнұсқа нысанының екінші тілде сөзбе-сөз қайталануын беретін калька аудармалар. Нақтылай айтқанда, қазіргі қазақ мәтіндеріндегі калька әдісімен жасалған аудармалардан байқалатындай, бұл – өңі қазақ тілі қазақ, бірақ ойлау жүйесі қазақ тілінің қазығына байланбағандардың өнімі. Өзге тілге еліктеп «сөз арасын былғап» жүргендерден қазақ түсінбейтін қазақша мәтіндер дүниеге келеді.

Өңгіме ауаны аударуға келгенде отырған ері ауып кете беретін өзіміздің қазақ тілінің шала-жансар күйіне бұрайық. Өңгімені жарнамадағы қазақша мәтіннен бастасақ, ондағы еркетотай баланың шалдыр-шатпағы секілді мәтінді, сөз тіркесін оқығанда «бір қайнауы кем болып тұр екен» дейсіз. Дәлелініз бар ма дейсіздер ғой, осы өзіміздің халық жиі баратын «Каспий банкіні» жұртшылықтың несие алуға шақырған кезекті жарнамалық хабарландыруында «С платежными каникулами» мәтінін ондағы

«Ол домбырада, гитарада ойнайды». Дұрысы – «... гитара тартады». «Ол ағылшын тілінде еркін сөйлейді». Дұрысы – «... таза сөйлейді». «Бақытты кездейсоқтыққа байланысты ғана...» «Бақытты кездейсоқтыққа» қалай? Қазақ мұндай жағдайды «Сабақты ине сәтін дегендей» немесе «Істің сәтін салайын десе» деп айтады. «Елеулі түрде мүдделік білдіреміз». Дұрысы – «Біз бұған барынша мүдделі болып отырмыз». Бұл сөйлемдердегі өзіндік тілімізде фразеологиялық тіркес бар – «Біз бұған барынша мүдделі болып отырмыз». Бұл сөйлемдердегі өзіндік тілімізде фразеологиялық тіркес бар – «Біз бұған барынша мүдделі болып отырмыз».

Енді бір түсінбейтін, түсінсем де, екіұдай ойға жетелейтін тіркес дағды болып, тарап, қолданыса сипіп кеткен «Тәуелсіздік жылдары», «Тәуелсіздік жылдарында» тіркестері. Бұл да – орыс тіліндегі «В годы Независимости» тіркесінен аумақ-төкпей аударылған көшірме. «Тәуелсіздік жылдары еліміз алыс-жақын шет елдермен экономикалық, дипломатиялық байланыстар орнатып, өндіріс, өнеркәсіпке үлкен көлемде инвестиция тартты». Осы сөйлемді оқып отырып «Тәуелсіздік жылдары қыруар іс атқарылған болса, қыруар қандай кезең, қандай жылдар?», деген сұрақ қыла береміз. Мұндағы мағына: «Еліміз өз алдына дербес мемлекет болған алғашқы жылдары...» екені түсінікті. Алайда, «Соғыс жылдары...», «Ашаршылық жылдары...», «Тың игеру жылдары...» тіркестері осы шақпен байланысы жоқ, өткен кезеңде атқарылған іс-әрекетпен, оқиғамен байланыстырып айтатын еді. Қазір де егемендік жылдары, егемендік дәуір жалғаса береміз деген үмітіміз бар. Осы тіркеске бір асықпай зер сала қарау керек сияқты.

Тағы да тілімізге сипіп кеткен, бірақ қазақ тілінің табиғатына келмейтін сөз орамдарын саралап көрейік. Мысалы, «Мұрнын тықпайтын жерге тығады». Орыс тіліндегі «Суетнос, куда не надо» тіркесі. Тап осы мағынаны беретін өзіміздің тілімізде фразеологиялық тіркес бар – «Иығын тықпайтын жері жоқ». Сол секілді қазіргі күні келіншектердің өңгіме арасында «Қамыр қойып кеттім» деп жатқанын естіп қаламыз, ол да – орыс тіліндегі «Поставила тесто» тіркесінің калька аудармасы. «Ол орыс, француз және ағылшын тілдерін бала жасынан бастап толық меңгерді», «Ең алдымен жерді пайдалану саласында тәртіп орнатып, жерді талан-тараға салу және жерді аздыру фактыларын біржола жою керек». Бұл сөйлемде «жерді» деген сөз үш рет қайталануы, сонан соң жерді аздыру деп емес, тоздыру деп алу керек. Өйткені «адам азды, жер тозады» деп айтылады емес пе? «Дикандар жаңа еңбек рекордын орнатты». Дұрысы – «... рекорд жасады».

бара жатып, бір оқып өтетін хабарландыру мәтіндерінің бір тобын да ой талқыға салайық. «Парковка запрещена», «Дом продается», «Мы открылись», «Не курить», «От себя», «Въезд запрещен», «С собой», «Место купания», «Сдается в аренду», т.б. Сонымен қатар, көрсететін қызметін, сататын тауарларын хабарлаған мынадай жарнама мәтіндері де кездеседі.

Центр изучения английского языка

Ремонт сотовых телефонов

Комплексный обед/ Доставка еды

Покупка и продажа телефонов

Самая высокая оценка

Магазин мужской одежды

Наши услуги

Осы тіркестерді қалауын тапса, орысшасын он орап алатындай етіп қазақша жазып қояна болмас па?

Енді бір көзге дұрыс көрінгенмен, көкейге орныкпай жүрген «К сожалению» тіркесін бірде «Өкінішке орай» деп аударса, енді бірде «Өкінішке қарай» деп аударып жатады. Сондағы түпнұсқадан ұзатпай тұрған «к» шылауы. Аударма мәтіндерінде кездесетін осы тіркесті өзім өкінішке орайластырмай да, өкінішке қарайластырмай да «Өкініштісі сол...», «Бір өкініштісі...» деп аударып, осы нұсқамен түпнұсқа мазмұнды сақтауға болатынына көзім жетіп келеді.

Сонымен қатар түпнұсқадағы мәтіннің барлығы бірдей мағынасы анық, сауатты жазылған деп айтуға келе бермейтін жағдайлар да кездесіп қалады. Ондайда аудармашы алдымен мәтіннің қай салаға қатысты құралғанына шолу жасап алғаны жөн.

Қолымыз қалай көргенімізді солай жазуға дағдыланып кеткен енді бір сөз – орыс тіліндегі «вы жиктеу есімдігінің қазақша сіз деп те, сендер, сіздер деп те аударылатыны белгілі. Орыс тілінде сыпайы мағынада сіз дегенді білдіретін вы тұлғасы бас әріппен таңбаланды да, сендер дегенді білдіретін вы тұлғасы кіші әріппен жазылады. Ал қазақ тілінде сыпайы қатынасты білдіретін, дербес сіз есімдігі бар, олай болса қазақ тілінде бұл есімдікті, әсіресе ресми хат мәтіндерінде бас әріппен таңбалаудың қажеті жоқ. Алайда, қазақша мәтіндерде сыпайы қатынасты білдіретін сіз, сізге, сізді, сіздің есімдіктері бас әріппен жазу орыс тіліне қайрылып қарай бергеннен сақталып отыр, осыны тоқтату керек.

Жазба тілдегі атқа жайдақ мінген аудармаларды шамамыз келгенше екпінін басуға, жан-жағына қаратуға тырыстық. Енді өз айналамызда, күнде дерлік естіп, құлағымызға сипіп кеткен қандай фразаларды, қандай сөздерді үлкеніміз де, кішіміз де тілімізден тастамай жүрміз, оларсыз айтар ойымызды бастамаймыз, экранға назар аударғандай, бағамдап көрейік.

Хорошо что, прикинь, хотя бы, короче, давай, ужас, кстати, срочно, молодец, значит, конечно, как будто, вообще-то, тем более.

Бұл тізбені жалғастыра беруге болады. Бірақ осы жерден аялдап, біздің тіліміздегі де мәністі, шұрайлы теңеу сөздерді, айналасы жұп-жұмыр келетін келісті тіркестерді ауызекі тілдерінде, сөз арасында қолданатын өзге халықтар, өзге ұлттар бар ма екен деп бір сәт ойлансақ, қысылсақ дейміз. Сөзімізді тұйіндесек, халықаралық қатынас пен мәдени, саяси және технологиялық байланыс арқан уақытта аударма жасау да дәуірден қалыспайды. Интернеттің атырабын еркін шарлап, цифрлық технологияны тізгіндеп, жасанды интеллектке ауыз салған қазақ тілінің халі аудармаға келгенде жетім қыздың тойындай болмасын десе, аударма жасағанда мәтіндегі сөзді түгендей, ондағы мағынаның сұрлеуіне түсейік. Үздіксіз жүріп жатқан жаһандандудың толқынымен тілдік қорымызға келіп қосылатын сөздерге, сөз тіркестеріне үлкен талғаммен қарайық, жасығын тастап, асылын алайық!

**Баян БАЙДІЛДАЕВА,**  
облыстық қоғамдық  
даму басқармасы тілдерлі  
оқыту орталығының  
аудармашысы

### БРИФИНГ

## ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАЛАДЫ

Тұтынушылардың құқығын қорғау – маңызды қадам. Бұл бағытта жүйелі жұмыс толастамақ емес. Мысалы, жыл басынан бері аймақтағы тұтынушылардан 82 өтініш келіп түскен. Олардың басым көпшілігі бөлшек сауда саласына қатысты. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов айтты.



– Тұтынушылардың құқығын қорғау – басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта департамент күнделікті мониторинг жұмысын жүргізіп, азаматтардан түскен өтініштерді саралайды. Өткен жылы біздің департаментке 368 өтініш түссе, оның 264-і қанағаттандырылды. Осы жұмыстардың нәтижесінде тұтынушыларға 8,1 млн теңге қайтарылған. Ал жыл басынан бері тұтынушылардан 82 өтініш келді. Бүгінде департаментке түскен өтініштер бойынша зерделеу жұмысы жүргізілуде, – деді ол.

Айтулы дата жыл сайын түрлі тақырыпта өтеді. Биылдың бірі. Осы мақсатта департамент күнделікті мониторинг жұмысын жүргізіп, азаматтардан түскен өтініштерді саралайды. Өткен жылы біздің департаментке 368 өтініш түссе, оның 264-і қанағаттандырылды. Осы жұмыстардың нәтижесінде тұтынушыларға 8,1 млн теңге қайтарылған. Ал жыл басынан бері тұтынушылардан 82 өтініш келді. Бүгінде департаментке түскен өтініштер бойынша зерделеу жұмысы жүргізілуде, – деді ол.

– Дүниежүзілік тұтынушылардың құқығын қорғау күні.

«СБ» ақпарат

### Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитеті «Қазусуар» РМҚ Қызылорда филиалы Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес 23.04.2024 жылы сағ.10:00-де Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі 66 мекен-жайда болатын «2024-2033 жылдарға арналған Қызылорда облысы бойынша өгіс алқаптарының қашықтық-дренаждық жүйелерге түсетін ластануы заттардың нормативтері» тақырыбындағы шекті рұқсат етілген тастандылардың нормалары жобасына арналған ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

**Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме:** <https://ecoportal.kz/> және **ЖАО веб-сайты** <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

**Zoom Конференциясы:** <https://us05web.zoom.us/j/87577306296?pwd=W8Pe3bSNAOJvc8l1CjKl44BPLrCvG.1>

**Конференция идентификаторы:** 875 7730 6296 **Кіру коды:** 12345678

**Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы мен пошталық мекен-жайы:** Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8(7242) 60-53-62.

**Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады:** КР, 120014, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, №66, тел.: 8(7242) 23-32-50.

**Белгіленген қызметтің бастамашысы:** КР СРЖИМ СШК «Қазусуар» РМҚ Қызылорда филиалы, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, №66.

**БИН** 110841002280

**Тел.:** 8(7242) 23-36-60.

**Эл.пошта:** [ovp\\_kzo@mail.ru](mailto:ovp_kzo@mail.ru)

**Жобаны жасақтаушы:** «АтриумСтройИнвест» ЖШС

КР, 140000, Павлодар қаласы, Малайсары батыр көшесі, ғимарат №88,

**БИН** 030140019772

**Тел.:** 8(7182) 49-80-01.

**Эл.пошта:** [akparova7182@mail.ru](mailto:akparova7182@mail.ru)

**Бұрыштық нүктелердің координаттары:**

солтүстік ендік шығыс бойлық

45°28'16.83"C 64°5'7.07"В

### Объявление

Қызылординский филиал РГП «Казводхоз» Комитета водного хозяйства Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса Республики Казахстан, сообщает, что 23.04.2024 года в 10:00 по адресу Кзылординская область, город Кзылорда, ул. Төле би 66, состоится общественные слушания по Проекту «Нормативов предельно-допустимых сборов «Нормативы эмиссий загрязняющих веществ, поступающих из посевных площадей на коллекторно-дренажные системы по Кызылординской области» 2024-2033 г.г.

**Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа:** <https://ecoportal.kz/> и сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

**Zoom Конференциясы:** <https://us05web.zoom.us/j/87577306296?pwd=W8Pe3bSNAOJvc8l1CjKl44BPLrCvG.1>

**Идентификатор конференциясы:** 875 7730 6296 **Код доступа:** 12345678

**Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа:** Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz город Кзылорда, улица Бейбарыс Султан, №1, тел.: 8(7242) 60-53-62.

**Дополнительную информацию можно получить по адресу:** РК, 120014, город Кзылорда, ул. Төле би, №66, тел.: 8(7242) 23-32-50

**Инициатор намечаемой деятельности:** Кызылординский филиал РГП «Казводхоз» КВХ МВРИИ

РК, г.Кзылорда, ул. Төле би, 66

**БИН** 110841002280

**Тел.:** 8(7242) 23-36-60

**Эл.пошта:** [ovp\\_kzo@mail.ru](mailto:ovp_kzo@mail.ru)

**Разработчик:** ТОО «АтриумСтройИнвест»

РК, 140000, г.Павлодар, ул.Малайсары батыр, дом строения №88,

**БИН** 030140019772

**Тел.:** 8(7182) 49-80-01

**Эл.пошта:** [akparova7182@mail.ru](mailto:akparova7182@mail.ru)

**Координаты узловых точек:**

северная широта восточная долгота

45°28'16.83"C 64°5'7.07"В





Наурыз

# Амал – Әз-Наурыздың бастауы



А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанындағы «Достық» аллеясында Амал мерекесіне арналған «Амал келді, жыл келді» атты мәдени шара ұйымдастырылды.

**Сб** Дина БӨКЕБАЙ,  
«Сыр бойы»

Наурыз накыштарымен безендіріліп, мерекеге сай ажарлана түскен аллеяда қала тұрғындары мен қонақтарға арнайы киіз үй тігіліп, келушілерге ұлттық дәм ұсынылды. Жігерлі

жігіттер арасында арқан тартыс ұйымдастырылса, кимешек киген кейуаналар мен ұлттық киімі жарасқан жастар сызылта ән салды. Жиналған жұрттың бірлесіп тал отырғызуымен

басталған игілікті шараның алғысөзі қала әкімі Серік Қожаниязовқа берілді.

– Мәшһүр Жүсіп жазбаларында 14 наурызды көктемнің алғашқы күні деп атап, Наурыз-нама мейрамының тойлануы баяндалған. Биыл елімізде 14-23 наурыз аралығында Наурыз-нама онкүндігі аталып өтеледі. Осы уақыт аралығында әр күнге ерекше атау беріліп, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз жан-жақты дәріптеледі. Міне, бүгін

– сол дүбірлі тойдың беташар сәті. Қатар келген оразамыз қабыл болып, Амалдан Амалға аман-есен жете берейік! – деген тілегін жеткізді қала әкімі.

Шарада Тұрлыбек Ділдабаев, Талғат Жаңалықұлы халық әндерінен попури орындаса, әжелер ансамблінің әндері де мереке арайын ашты. Сонымен қатар сахнаға құрақ көрпешелер жайылып, ақжаулықты әжелер «Бесік салар» дәстүрін жасады. Н.Темірбай, А.Танатаров,

Д.Тілеубергеннің концерттік бағдарламасымен қатар мерекелік шарада бүлдіршіндердің тұсаукесер рәсімі жасалып, қала әкімінің атынан қос бөбекке тарту-таралғы ұсынылды. Ардагер Болатбек Пұсырман елдіктің асыл мұраттары туралы тағылымды ой айтып, ақ батасын берді.

Айта кетейік, аталған шараға қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев, Ы.Жақаев

атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев және ардагерлер арнайы қатысты.

Амал – табиғаттың мерекесі. Жыл бастауындағы шуақты мерекеге келген қала тұрғындарының көзі де, көңілі де әуезді ән мен шат-шадыман көңіл ұйге тойып, алдағы Ұлыстың ұлы күніне дайындықты бастап кеткендей.

## ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ қандай көмек әкелді?

Жеке секторда кәсіпке инвестиция тартудың түрлі жолы бар. Несие алу, баламалы кіріс көзін ұлғайту, серіктес тарту, мемлекет қолдауына жүгіну. Алайда мұның бәрі тиімді көрінгенімен қайтарымы бар. Тек соңғы нұсқада тәуекел аз, табыс мол. Содан болар, кейінгі жылдары мемлекет қаржысына кәсіп бастап, әлеуметтік жоба көмегімен аяққа тұрған азаматтар саны артты. Өткен жылдың өзінде облыстағы 1526 кәсіпкер жалпы сомасы 2 млрд теңгеден астам қайтарымсыз грант алған.

### Талапта өзгеріс бар ма?

Әрине, қайтарымсыз қаржы алу – әр кәсіпкердің қалауы. Десе де өтеусіз ақшаны кез келгенге ұстата салмас анық. Оның да өзіндік ерекесі, қояр талабы жетерлік. Әсіресе, басымдық әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілген. Оның қатарында атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасы мүшелері, қоныс аударушылар мен қандастар және асыраушысынан айрылған азаматтар бар. Оған қоса мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған адамдар да грантка үміткер бола алады. Бұл туралы толығырақ Еңбек мобилділігі орталығы басшысының орынбасары Акерке Жалғасбекқызынан білдік.

– Қайтарымсыз грант тыңғылықты тексеріс, комиссия бақылауы арқылы беріледі. Талап бойынша үміткер жұмыссыз әрі жеке кәсіпкер ретінде тіркелгеніне 3 жыл толмауы шарт. Әрине, халықтың әлеуметтік осал тобына жатуы негізгі ереже саналады. Барлық ескертпе орындалса, азаматтар конкурстық негізде 400 АЕК

мөлшеріне дейін қаражат ала алады, – дейді ол.

Сондай-ақ грант беру конкурсын ұйымдастыру үшін арнайы комиссия құрылады. Комиссия құрамына қоғамдық бірлестік, білім және ғылым мекемесі, БАҚ және атқарушы билік органы мамандары топтасып, бизнес-идеяларды талқылайды.

### Мақсат маңызды

А.Жалғасбекқызы «Қайтарымсыз грант алу үшін қандай жоба ұтымды?» деген сауалға жоба ережесін сабақтастыра жауап берді. Айтуынша, мемлекет тарапынан берілетін қаражат еңбек құралын, технологиялық жабдықты жасақтауға және мал алу үшін нысаналы мақсатта пайдаланылады.

Ескере кететін жайт, гранттар тұтынушылық мақсатқа, акцизделетін өнім өндірісіне, жылжымайтын тұрғын үй мен жер учаскесін сатып алуға берілмейді. Үміткер болсаңыз несие өтеу мен жалдау ақысы үшін де қайтарымсыз грант ала алмайтынныңызды ескеруіңіз керек.

Сөзіміз салмақты болу үшін өткен жылы грант алған кәсіп түрлеріне шолу жасайық. Ресми мәліметке сенсек, тамақ өнімін шығару бағытында 255, балық, омарға және бал ара шаруашылығы бағытында 20, тігін өнеркәсібі, колөнер бұйымдарын шығару бағытында 119, егін және мал шаруашылығы бағытында 646 грант берілген. Сонымен бірге сыр-бойлықтар құрылыс және тұрмыстық материалдарды өндіру, дәнекерлеу бойынша 143

### ТҮЙІН.

Сырбойлықтарға 400 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз қаржы беру жалғасады. Биыл 1556 азаматқа қайтарымсыз мемлекеттік грант беру жоспарланған. Сонымен қатар өңірдегі ауыл халқының жағдайын жақсартуға арналған бағдарлама аясында 5,7 миллиард теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілімек.

грант алса, түрлі қызмет көрсету аясында 344 жобаны сәтті қорғаған.

Грант арқылы кәсібін дөңгелентуге мүмкіндік алған жерлер қатарында Нұрлан Смағұлов та бар. Ол өткен жылы жоба аясында бөдене шаруашылығы үшін қаржы алып, кәсібін кеңейткен.

– Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында бөдене шаруашылығын жандандырып жатырмыз. Алынған қаржы құс, жем-шөп алу, қоражай жасақтауға жұмсалды. Нәтижесінде сұраныс артып, өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік туды. Бөдене шаруашылығы – табысты әрі тиімді кәсіп. Сондықтан алдағы уақытта республикалық нарыққа шығып, бизнес ауқымын ұлғайту жоспары бар, – деді кәсіпкер.

Кейде тегіннің қадірін түсінбей жататынымыз жасырын емес. Олай дейтініміз, қайтарымсыз грант алған аймақ тұрғындары арасында әр тиынның сұрауы барын ұмытып, қаржыны мақсатсыз жұмсағандар табылған. Өткен жылғы көрсеткішті қорытындылаған сала маманы азаматтарды жауапкершілікке тарту бағытында жұмыс жүргізілетінін айта кетті.

– 2023 жылы грант алған азаматтар ішінде 67 тұрғынның қаржыны мақсатсыз пайдаланғаны анықталды. Оларға грант қаржысын бюджетке кері қайтару бағытында ескертпе хат берілді. Нәтижесінде, 5 азамат грант қаржысын кері қайтарса, 10 азаматқа қатысты өндіріп алу туралы сот шешімі шығарылды. Ал 52 азаматтың құжаты сот процесінде қаралуға, – дейді А.Жалғасбекқызы.

### Жеңілдік жолы

Кәсіпкерге қолдау тек 400 АЕК көлеміндегі грант емес. Бұдан өзге ұлттық жоба, жеңілдетілген несие бағдарламалары қарқынды жүреді. Әсіресе, «Ауыл аманаты» жобасы аясында қолдау көрген кәсіпкер көп. Мәселен, өткен жылы аталған жоба аясында 342 бизнес-идея қолдау тауып, қаржы алған. Мұны облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевтың БАҚ өкілдеріне берген мәліметінен аңғаруға болады.

– Барлық елді мекенде «Ауыл аманаты» бағдарламасы туралы түсіндірме жүргізілді. Жоба өңдеу, егін кооперативтерін жабдықтау, мал шаруашылығы және басқа бағыттағы бизнес жобаларға арналған. Өткен жылы 342 жобаның құжаттарын несие комитеті мақұлдады. Ал 142 жоба бойынша қарастырылған несие 18 кооператив пен 124 жеке кәсіпкерге берілді. Осының нәтижесінде 288 жұмыс орны ашылды, – деді басқарма басшысы.

Расында, мемлекет қолдауы аймақтағы кәсіпкерлікке жан бітірді. Әсіресе, қайтарымсыз грант арқылы шағын бизнес өкілдерін демеу салаға дем бергенін айта кеткен жөн. Оған дәлел, өткен жылы өңірдегі кәсіпкерлік нысан саны 10 пайызға көбейді. Бұл тұрғыда бизнес саласын қолдау үшін түрлі бағдарламалар арқылы 24 млрд теңге қаралып, 3,5 мыңнан аса жобаға қаржы бөлінген. Осылайша, жұмыспен қамтылған азаматтар саны 125 мыңға жуықтаған болатын.

## Қалқабай Әбенов атындағы байқау өтеді



Облыстық «Сыр бойы» газеті басылманың 95 жылдығы аясында байырғы редактор Қалқабай Әбенов атындағы дәстүрлі баспа БАҚ өкілдері, сондай-ақ тәуелсіз қаламгерлер арасында «Туған жер – тұғырым» атты байқау жариялайды.

**Жалпы ереже**  
Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

**Байқаудың үйлестірушісі:** «Сыр медиа» ЖШС және ұйымдастырылады.

Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы, Қ.Әбенов атындағы «Сыр журналистикасы» қоғамдық қоры.

**Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:**  
Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.

Байқауға түзген жер құндылығы, рухани-мәдени даму, салт-дәстүр, жастар саясаты, ұлттаралық татулық, жалпы ондағы қоғамның бет-бейнесі туралы түрлі жанрдағы (мақала, сұхбат, әңгіме, очерк, жолжазба, өлең, арнайы репортаж, т.б) еңбектер жіберіледі.

Байқау материалдары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Байқауға бұрын баспа бетінде жарияланбаған, тек байқау кезеңінде өткен материалдар жіберіледі.

Байқауға қатысушыларға жеке шектеуі қойылмайды.

Байқау материалдары тиісті баспа және тәуелсіз қаламгерлердің ұсынысы бойынша қабылданады.

Байқауға әрбір қатысушы баспа бойынша материалын 6 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматтың, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі, мазмұнының ашылуы, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жана әлістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі есепке алынады.

Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, мекенжайына (байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, эл.пошта syrbouyi@yandex.kz) мынадай құжаттарды қоса жібереді.

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

– жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекенжайы, байланыс құрадлары және 3x4 суреті.

2) байқау материалының қағаз нұсқасы.

Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.

Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2024 жылғы 18 наурыз бен 18 қазан аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;

2) 2024 жылғы 18-22 қазан аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

3) 2024 жылғы 29 қазанда байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі.

Байқау жеңімпаздары Қалқабай Әбеновтің ұрпақтары атынан арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Ұйымдастыру комиссиясы